

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИЕТІ

САРҚЫТ ӘЛІСЖАНОВ
ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АСТАНА – 2004

Пікір жазғандар: Ш.Құрманбайұлы
филология ғылымының докторы, профессор;
М.Қ.Ескеева
филология ғылымының кандидаты, доцент.

Әлісжанов С.Қ. Терминология мәселелері. Оқу құралы. – Астана. 2004.
70 бет.

Соңғы онжылдықта қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты оның функционалдық аяда қолданылу өрісі кеңейді. Әсіресе, ғылым тілі жан-жақты өріс алып отыр. Терминдер – ғылым тілінің негізгі лексикалық бірлігі. Оқу құралында ғылым тіліне қатысты негізгі ұғымдар, қазақ терминологиясының мәселелері, терминдерді қалыптастыру тарихы мен тәжірибелері қарастырылады.

Еңбек қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттерге, сондай-ақ терминология мәселесі қызықтыратын жұртшылыққа арналады.

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда қазақ тілінің қолданылу өрісін кеңейту мақсатында түрлі жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Сондай игі шаралардың бірі – ана тіліміздің ғылыми аяда (сферада) қолданылуын қамтамасыз ету, жетілдіру болып табылады. Мұндай әрекет жеміссіз де емес. Қазіргі кезде түрлі ғылым өкілдері өз еңбектерін ана тілінде жариялай бастады. Қазақ тілінде көп жанрлы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет, публицистика пайда болды, тілдің қоғамдық қызметі арта түсуде. Осы орайда жоғары оқу орындарында “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандарын даярлайтын тілші қауымға жаңа міндет жүктелді: әдеби тіліміздің қоғамдық-әлеуметтік салаға қызмет ететін бір тармағы – ғылым тілі туралы түсінік беру, терминологиялық жүйедегі өзгерістер мен жаңалықтарды, олардың орын алу себептерін баяндау, бағыт-бағдар сілтеу. Қолдарыңыздағы көмекші оқу құралы сондай мақсатта дайындалған алғашқы талпыныс десе де болады.

Оқу құралы “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандықтарында оқылатын “Қазіргі қазақ тілі”, “Тіл біліміне кіріспе”, “Қазақ әдеби тілінің тарихы” сияқты курстарға қосымша ретінде ұсынылады. Белгілі себептермен ол курстарда еленбей қалатын термин мен терминологияға, терминжасам тәжірибелеріне қатысты кейбір мәселелер қарастырылады. Аталған мәселелерге қатысты өз ойларымызды, көзқарасымызды еркін баяндайтын тұстар да кездеседі. Оқу құралдарына тән тар қалыптан гөрі бұл болашақ мамандардың өздігінен ізденіп, өзіндік жұмыстар жүргізуіне түрткі болар деп ойлаймыз. Кітапшаның соңында берілген әдебиет тізімі дәріс алушыларға тақырыпқа қатысты мәселелермен бұдан да кең танысуына мүмкіндік береді.

Бірінші бөлімде ғылым тілі туралы, ол жөніндегі тілші-ғалымдардың көзқарастары, негізгі ұғымдары, термин мен терминология, оларды зерттеудегі бағыттар т.т. мәселелер қарастырылады.

Екінші бөлім қазақ терминологиясы қалыптасуының жеке мәселелеріне арналған. Мұнда бұрын да айтылған кейбір пікірлерді қайта қарап, өңдеп толықтырдық. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің термин қалыптастырудағы өзіндік

қолтаңбалары, сол арқылы қазақ сөзінің мағыналық дамуының, термин ретінде тұрақтануының жай-жапсары баяндалады. Қазіргі терминжасам тәжірибесінде көрініс беріп отырған туыстас тілдердің сөздік қорын пайдалану, шетелдік бауырларымызбен тәжірибе алмасу тәрізді мәселелер сөз болады.

1. ҒЫЛЫМ ТІЛІ. ТЕРМИНОЛОГИЯ

Ғылым тілін зерттеудің кейбір қырлары

Қазіргі кезде қазақ тілінің ғылыми сферада қолданылуы едеуір қарқын алып, жандана бастағаны белгілі. Қоғамдық ғылымдар саласын айтпағанның өзінде, жаратылыстану, техникалық әдебиеттерді ана тілінде жазу дәстүрі кең өріс алып отыр. Әсіресе, қоғамдық ғылым саласында қомақты арнаулы әдебиеттің жарық көруі, жариялануы олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болуда. Бұл дегеніміз ғылыми стильдің (тілдің) әдеби тілге жан-жақты әсер етуші, ықпалы зор стильдердің біріне айналып, ұлттық тілдің осы салада жұмсауға қажетті, қабілетті дейтін тілдік құралдарының, ерекше тілдік құрылымдарының жасалуына қызмет етеді. Міндет – осы жазба деректерге (жазба дәстүрдің ғылыми стильдегі доминанттық рөлін ескерсек) сүйене отырып, ғылыми стильге жан-жақты лингвистикалық талдау жүргізу. Ғылыми стильге тән тілдік-стилистикалық құрылымдарды қазіргі тіл білімі парадигмасы тұрғысынан қарастыру, оның узус (тұрақты) ретінде анықталған, сондай-ақ жекелік, авторлық сипаттағы “оказионалдық” көріністерін таба білу маңызды.

Кез келген әдеби шығарма тәрізді ғылыми туынды да оқырман үшін жазылады, оқушы қауымның нәтижелі білім алуы оның да негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан ғылыми мәтіннің коммуникативтік қызметіне сай жұмсалатын амал-тәсілдерді айқындау да қажет жұмыстардың бірі. Осы орайда Р.Сыздықтың мына сөздерін келтірген дұрыс: “Әр стильде ... тіл элементтерінің “мазмұндық, мағыналық” икемділігінен басқа да функционалдық белгілері болуы мүмкін, ол белгілердің де өлшемі болуы заңды...” [1, 160-161]. Зерттеушінің айтуындағы осы “белгілер” мен олардың “өлшемдерін” таба білу, айқындау, біздің ойымызша, өзекті мәселе. Ол үшін ғылым тілін зерттеудің қандай аспектіде жүргізілетінін, ғылым тілін

танудың, танытудың қандай теориялық негіздерге сүйене отырып қарастырылу керектігін саралап, анықтап алу қажет.

Алайда бұл мәселеге кіріспес бұрын, әуелі ғылым тіліне қатысты басты-басты ұғымдарды нақтылап, олар жөніндегі өз түсінігімізді айқындап алғанды жөн көрдік. Өйткені көп жағдайда *ғылым тілі*, *ғылыми тіл*, *ғылыми стиль*, *ғылыми мәтін* бір-біріне теңестіріліп жұмсалады да, олар нақты ажыратыла бермейді. Авторлар, негізінен, бұл терминдік тіркестердегі *тіл* және *стиль* деген ұғымдарға интуитивті сүйенеді. Әрине, алдыңғысы неғұрлым кең мағынаны қамтиды да, соңғысын өзінің құрамына қосады.

Тіл білімінде *ғылым тілі* ұғымы мына мағыналарда түсіндіріледі: 1) Ғылым тілі – ғылыми мәтін тілі, яғни соған теңестіру. Ө.Айтбаевтың ғылым тіліне берген анықтамасына назар аударайық: “Ғылым тілі – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін (текст). Ғылым тілі көптеген ғылыми зерттеулерде ғылыми стильмен теңестіріледі” [2, 88]. Осы орайда ғылым тілінің талдау нысаны тілдің жазбаша түрінің барлық таңбалық деңгейлері – лексика, морфология, синтаксис, кейде фонетика болып табылады, олардың ғылыми мәтіндегі қызметі қарастырылады.

Ғылыми мәтін өз кезегінде дара функционалдық стильді түзеді. Мұндайда *стиль* мен *тіл* терминдерінің мағыналары сәйкес келіп жатады. Ә.Қайдар осы ұғымдардың арақатынасы жөнінде былай дейді: “ғылым тілі” мен “ғылыми тіл” деген ұғымдар өзара байланысты болса да, екеуі бір емес. “Ғылыми тіл” әр саладағы ғылымның өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктерінің белгілі жүйесі, қолданыс тәсілдері. Бұл терминдерді көбінесе “ғылыми стиль” деп те атайды. “Ғылыми тілге” қарағанда “ғылым тілінің” мағынасы әлдеқайда кең, ауқымы зор. Өйткені “ғылым тілі” деген ұғым жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік қоғамдық қызметінің үлкен бір саласын қамтиды” [3, 9-10].

Жалпы стиль мен тіл ұғымдарының айырым-өзгешелігін кезінде Б.Гавранек тұжырымдаған: тіл лингвистикалық құрылымдарды іріктеудің жалпы мақсатымен анықталады, функционалдық стиль айтылымның ерекше мақсатымен анықталады [4, 556]. Сонда ғылыми мәтіндердегі тілдің негізгі қызметі, яғни ғылыми білімді жеткізу мен объективтендіру қызметі немесе когнитивті және коммуникативтік қызметі тілдік құралдардың жиынтығын анықтайды, сондықтан Б.Гавранектің өлшеміне сәйкес ғылыми мәтіндер тілін стиль ретінде емес, тіл ретінде қарастыру керек болады.

2) Ғылым тілі әдеби тілдің бір түрі. Мұны Ә.Қайдар мен Ө.Айтбаевтың келтірген пікірлерінен де аңғарамыз. Орыс тілінің зерттеушісі В.П.Даниленко ғылым тілін жалпы әдеби тілдің түрі – дербес функционалды тіл ретінде қарастырады [5, 8]. Бірінші жағдайда ғылыми мәтін тілі стилистиканың құзырына енсе, екінші жағдайда ғылым тіліне үлкен дербестік беріліп, өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан бұл тіл “жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады” [5, 10].

3) Зерттеушілердің айтуына қарағанда, ғылым тілін келесідегідей түсіндіру неғұрлым тар мәндегі сипаттау болып табылады: ғылым тілі арнайы сөздік пен арнайы синтаксистен тұратын таңбалар жүйесі, әрі бұл жүйенің әрбір элементі нақты ғылыми білімнің элементіне сәйкес келеді. С.Е.Никитина “ғылым тілі ұғымдық-логикалық тілге сай келеді” деген Ш.Баллидің сөзін алға тарта отырып, ғылым тілін бұлайша түсіндіру түрлі ғылым салаларындағы жасанды символикалық тілдердің жасалуына, яғни “химия тілі”, “математика тілі” дейтін ұғымдардың пайда болуына байланысты екенін айтады. Семиотикалық тұрғыдан олар ішкі құрылымымен және табиғи тілмен ара қатысын белгілеуде қызықты. Символикалық тілде лексика да, синтаксис те жасанды, математикалық тілдерде символдар бірінші және екінші дәрежелі болып ажыратылады; біріншісі ұғымдық нысандарды ауыстырса, екіншісі синтаксистік бірліктерді, яғни операция типтерін тіркейді. Мұндай тілдер ғылым тілінің бір бөлігі ретінде оны

табиғи-жасанды құрылымға келтіре отырып, ғылыми мәтіннің тілін құрайды [6, 27].

Айта кету керек, қазақ тіл білімінде ғылым тілі дегенді ұғымдар мен терминдердің қазақша атау алуымен түсіндіретін көзқарастар кездеседі. Айталық, Ш.Біләлов “... ғылым тілі туралы сөз қозғалғанда, немесе ғылым тілі мәселесін ғылым атауларымен ұштастыру әбден орынды. Яғни, ғылым тілінің өзегі де, арқауы да осы атаулар ..., ғылым тілінің жасалу жолдары атаулардың жасалу жолдарымен анықталатын болады” [7, 20-21], - деп жазады. Осы мазмұндас пікір С.Ақаевтің еңбегінде де қайталанатын. Соңғы автордың ойынша, жаңа түсініктер қазақ тілінің өз сөздік қорынан алынса, “бұл жайтты алдыңғы қатарлы ғылыми ой мен тіліміздің туыстығы ретінде бағалауымыз керек” [8, 108]. Әрине, терминдер мен ұғымдар – ғылымның ұғымдық-категориялық аппаратының негізін құрайды, сондықтан олардың ана тілінде жасалуы тілді пайдаланушылардың ғылыми танымын ұлттық негізде жетілдіретіндігінде дау жоқ. Алайда ғылым тілінің сипатын осындай лексикалық, терминологиялық деңгейде түсіну мәселенің бір жағы ғана. Ғылыми терминология мен ғылыми мәтіндердің тілін бір деңгейге қойып қарауға болмайды. Осы тұста Р.А.Будаговтың мына бір пікірі еске түседі: “Научный стиль – гораздо более многоплановая, чем научная терминология” [9, 215]. Демек, ғылым тілі көп қырлы құбылыс, оның көп қырлылығы жоғарыда айтылып өткендей, тілдің жазбаша түрлерінің барлық таңбалық деңгейлерінің (лексика, морфология, синтаксис) ғылыми мәтінді құраудағы қызметінен көрінеді.

Сөйтіп, *ғылым тілі* ғылыми сферадағы қарым-қатынас нәтижесінде жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. Ғылым тілі ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми сфера қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. Осы орайда *ғылыми стиль*, я болмаса *ғылыми тіл* терминдері номенклатуралық атау болып табылады, яғни өзінен кең ұғым ғылым тілін құрайтын бір бөлік ретінде

көрінеді. Салыстырмалы түрде *көркем әдебиет тілі* мен *көркем әдебиет стилі* деген ұғымдарды алуға болады: біріншісі, өзінің құрамына образ, стиль, жанр, әдеби рамка сияқты парадигмалардың барлық элементтерін қосса, екіншісі номенклатуралық атаулармен – метафора, ритмика, модальділік типтерімен ерекшеленеді. *Ғылыми мәтінді* ғылыми сферадағы қарым-қатынастың негізгі тілдік өнімі деп қараймыз.

Сонымен, айтылғандарды қорыта келгенде, *ғылыми тіл*, *ғылыми стиль*, *ғылым тілі* деген ұғымдар мыналарды білдіреді: *ғылыми тіл* адам қызметіндегі ғылыми сфераны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіннің жиынтығы. *Ғылыми стиль* функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. *Ғылым тілі* ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара тығыз байланысты, сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді.

Қазақ тіл білімінде ғылым тілін зерттеудің өзектілігі туралы айтылған пікірлерге (Ә.Қайдар, Р.Сыздық, М.Серғалиев т.б.) қарамастан, көп зерттеушілер осы ретте скептикалық көзқарасқа бейім екендігі жасырын емес. Мұның өзі әдеби тіл жөнінде, оның көп түрлілігі мен нормалары туралы біздің біліміміздің толық еместігін көрсетеді. Осы тұрғыда әлемдік лингвистиканың, оның ішінде орыс тіл білімінің ғылым тілін зерттеудегі жинақталған тәжірибесіне сүйенудің ешқандай әбестігі жоқ.

М.Н.Кожина ғылыми стиль мәселелерін қарастыратын соңғы уақыттардағы зерттеулерді шартты түрде үш топқа бөледі: 1) Стилистика бойынша жалпы теориялық немесе шолу сипатындағы еңбектер. Бұларда стилистика саласының әр түрлі мәселелерімен бірге, ғылыми стильдің де ерекшеліктері қарастырылады. Бұл топқа Ш.Баллидың “Француз стилистикасы”, Прага мектебінің зерттеулері, оның ішінде Б.Гавранектің, И.М.Коржинканың, К.Гаузенбластың т.т. еңбектері жатқызылады. Бұрынғы Кеңес зерттеушілерінен Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур,

О.С.Ахманованың еңбектері енеді; 2) Ғылым тіліне арнайы назар аударып, оның өзіндік тілдік ерекшеліктерін баяндауға, кейбір жанрлық және стильдік түрлерін сипаттауға арналған еңбектер. Мұндай бағыттағы жұмыстар іштей екі топ құрайды: а) шетелдік зерттеулер Й.Коржинка, Й.Филиппа, М.Елинканың және орыс тіліндегі Р.А.Будагов, О.А.Лаптева, М.П.Сенкевич т.б. көптеген авторлардың жұмыстары; ә) стилостатистикалық зерттеулер (Й.Мистрик, В.Фукс, Й.Краус, М.П.Кульгав, С.И.Кауфман, Г.А.Лескис т.т.); 3) Бұл топты таза стилистикалық емес жұмыстар құрайды, оған енетін жұмыстар өздерінің алдына айрықша мақсат қойып, өзіндік әдіс-тәсілдер қолданады. Бұған негізінен, қолданбалы тіл білімі (машиналы аударма) мәселелеріне арналған еңбектер жатқызылады (Р.Г.Пиотровскийдің “Статистика речи”, Н.Д.Андреевтің редакциялығымен шыққан “Статистико-комбинаторное моделирование языков” жинағы т.т.) [10, 19-21].

Қазақ тілінде термин және терминология мәселесі ерекше ықыласпен зерттелуде. Ғылыми стильдің негізгі тілдік белгілерін сипаттауға арналған Ж.Р.Әмірованың [11], қалыптасу тарихын сөз еткен Ж.Д.Құрмамбаеваның [12] еңбектері бар. Алайда, сөзіміздің бас шенінде ескертіп өткендей, қазақ тілінде ғылымның түрлі саласында қомақты арнаулы әдебиеттің жарық көруі, олардың тілін қазіргі лингвистикалық көзқарас тұрғысынан зерделеудің жалғаса беретіндігін көрсетеді. Біздің міндетіміз – ғылыми тілдің қандай жолдар, қандай үрдіспен және қалай зерттелуі туралы кейбір пікірлерімізді ұсыну болды. Мәселені толықтай көрсете аламыз деп үміттенбейміз, біз үшін мәселені қоюдың өзі өзекті болып табылады.

Сонымен бірге, ғылыми тілді жан-жақты лингвистикалық негізде талдау тіліміздің функционалды табиғаты жөнінде жаңа мәлімет берері сөзсіз. Өйткені функционалды жіктеліс әдеби тілдің грамматикасына ықпалын тигізбей қоймайды. Грамматикалық құрылыстың біркелкіліктен ауытқуына, түрлі оппозициялық құрылымдардың пайда болуына әкеледі. Ғылыми тілдің осындай нышандарын толығырақ аңғару үшін, оны бірнеше аспектіден келіп қараған дұрыс сияқты. Олар: функционалды-стилистикалық

аспект, диахрондық (тарихи) аспект, семантикалық аспект. Енді солардың әрқайсысына тоқталып өтелік.

Функционалды-стилистикалық аспект. Соңғы ондаған жылдардың ішінде тілдік жүйені қолданыстық (функционалды) жағынан зерттеу белең ала бастады, яғни тілді таза формалдық (құрылымдық) тұрғыдан зерттеуге карағанда, оның қарым-қатынас (қоғамдық) құралы ретіндегі қызметін саралау бағыты айқындала бастады [Бұл туралы мына еңбекті қараңыз: 13, 3]. Тілдік құбылысты баяндаудың толықтығына, құрылымдық пен функционалды тәсілдерді біріктіре алғанда ғана жетуге болатынын зерттеушілер түсіне бастады. Қоғамдық-әлеуметтік сфера бойынша тілдің қолданыстық күй-қалпын, көрінісін зерттеу, бір жағынан, тілдің сол саладағы қолданыс мүмкіншілігін айқындау болып табылады. Тілдік жүйе қолданыс арқылы ғана, яки белгілі бір мақсатта жұмсалу қызметіне көшкенде ғана өзінің барлық мүмкіншілігін айқара ашады. Сондықтан М.Н.Кожинаның “тілді танудың жоғары сатысы тар жүйелік зерттеуде емес, жүйелі функционалды зерттеуде” [10, 54] деген пікірін орынды айтылған деп санаймыз. Сонда тілдің қолданыс мүмкіншілігін қарастырудың өзі сайып келгенде, функционалды стильдер жүйесін зерттеу болып шығады. Ал функционалды стилистиканың нақты бір салада тілдік жүйенің, қолданыстардың саралануына қызмет ететіні белгілі. Бұл жерде бұлтартпас бір фактор бар, ол функционалды стильдерді шындық болмысқа қатыссыз тілдік тұрғыдан зерттеудің толыққанды еместігі. Тілдік құралдардың жұмсалу заңдылықтарын, стильдік ерекшеліктері мен құрылымын қарастыру тек лингвистикалық емес (экстралингвистикалық) деректерді есепке алғанда ғана жүзеге асады.

Ғылыми тілді зерттеудің функционалды-стилистикалық аспект аясында қарастырылатын сондай мәселенің бірі – ғылыми мәтіндерді жанрлық тұрғыдан топтастыру. Бәрімізге белгілі, жанр ұғымының лингвистикадан гөрі әдебиеттануда қойылысы басым. Егер әдебиеттану үшін жанр ерекшелігі шығарманың көркемдік болмысын айқындауда керек болса, стилистика үшін

нақты тілдік ерекшеліктерді анықтауда қажет. Айталық, тілдік құралдардың бірқатары ғылыми прозаның барлық жанрларында кең қолданылса, енді бірі белгілі бір жанрларға ғана тән болып келеді. Сонда ғылыми мәтіндер тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін айқындау олардың жанрлық түрлерін нақтылау барысында белгілі бола түседі. Кезінде В.В.Виноградов лингвистикалық стилистиканың күрделі проблемасы ретінде стильдің жанрлық ерекшеліктерін зерттеуді қойған [14, 17]. Сөйтіп, ғылыми мәтіндердің жанрлық түрлерін анықтау, жанрлық топтастыруға негіз болатын мәселелерді және нақты жанрлардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін айқындау – келелі мәселелердің бірі. Жанрлық топтастыру ғылыми мәтіндерді саралап көрсету амалы арқылы жүзеге асады.

Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктерін зерттеу барысында қолданылатын тағы бір дәстүрлі тәсіл – оларды баяндау типтеріне (формаларына) қарай ажырату. Т.Н.Мальчевскаяның пікірінше, ғылыми мәтін сипатын айқындайтын стиль жасаушы факторлардың маңыздылары мыналар: мазмұндау тәсілдері, мазмұнның дәлдігі мен дерексіздігі, мазмұндаудың ықшамдылығы мен кеңдігі (толықтығы), жинақтау (қорыту) деңгейі, интеллектуалдық ақпараттың мақсаты мен міндеті [15, 106]. Ғылыми мәтін тілі монологтық сөйлеумен байланысты болып келеді. Сондықтан монологтық сөйлеудің функционалдық-мағыналық типтері *суреттеу*, *баяндау*, *талқылау* ғылыми мәтіндерге де ортақ (Көркем проза тіліне қатысты бұл мәселелер Б.Шалабаевтың “Көркем проза тілі” (Алматы, 1994) атты монографиясында сөз болады). Ғылыми шығармаларда *анықтама беру*, *пікір таластыру* сияқты мазмұндау тәсілдері де қолданылады. *Суреттеу* дегеніміз заттың, іс-әрекеттің немесе жай-күйдің негізгі белгілерін, ерекшеліктерін, құрамын мүмкіндігінше жан-жақты сипаттау. *Баяндау* дегеніміз ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында өрбитін әр қилы ақпараттарды әңгімелеу, я болмаса әр тектес ғылыми мазмұндағы деректер туралы әңгіме. *Талқылау* - белгілі бір мәселенің, сауалдың, теорияның қарастырылуы және олардың тақырыптарының логикалық дамуы. Талқылау

аясында *анықтама беру, пікір таластыру* түрлерін қарастыруға болады. *Анықтама беру* – белгілі бір ұғымның тектік және түрлік ерекшеліктерін, айырмашылықтарын ажырататын, тұжырымдайтын логикалық тәсіл. Оның мазмұны *түсіндіру* арқылы ашылады, дами түседі. *Пікір таластыру* - әр түрлі көзқарастарды, даулы мәселелерді талқылайтын мазмұндау (баяндау) тәсілі. Ол ғылыми мәтіндер тіліндегі бағалауыштық бағытпен, коннотациямен байланысты болып келеді. Әрине, баяндаудың бұл функционалдық-мағыналық типтерінің мәтінде жеке дара қолданылуы сирек, олар бір-бірімен байланыса, бірін-бірі толықтыра, ауыстыра отырып, шығарманың композициялық құрылымын құрайды.

Ғылыми тілге нақтылық, дәлдік, ойдың логикалылығы, жинақылық пен дерексіздік тән екендігі белгілі. Бұл ғылыми тіл синтаксисінің ықшамдылығына, стандарт тілдік құрылымдардың басым болу үрдісіне әкеледі. Сонымен бірге ғылыми мәтіндерде экспрессивті синтаксис белгілері де кездеседі. Айталық, ғылыми прозада диалогтық сөйлеу элементтері қолданылады. Мысал үшін сөйлемдердің ғылыми мәтіндердегі қолданысын алсақ та болады. Әдетте сұраулы сөйлем бір нәрсе туралы хабар алу үшін диалогтық сөйлеу тілінде жұмсалады. Ал ғылыми шығармалардағы сұраулы сөйлемдер ерекше стилистикалық құрал ретінде зерттеуші-ғалымдардың назарын өзіне аударады. Ғылыми әдебиет тілін зерттеушілер оны *сұрақ-жауап кешені* (СЖК) деген ұғыммен береді [16, 47]. СЖК автордың коммуникативтік бағдарымен ұштасып жататындықтан, ғылыми мәтінде қолданылуының өз реттері бар. Біздің материалдарымызға қарағанда, СЖК әсіресе, қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттердің алғаш жазыла бастаған кезеңдерінде көп қолданылған сияқты. Бір жағынан, олай болуы табиғи көрінеді. Қазақ оқырмандарының сол кездегі сауаттылық дәрежесі ғылыми-көпшілік очерктердің авторларының алдына осындай мақсат қойдырған. Айталық, Ж.Аймауытұлы өзінің “Психология” деп аталатын кітабында осы тәсілге жиі барған:

Жан деген не? Жан бар ма, жоқ па?

Жан бар деген наным ерте заманнан бері келеді. Бұл наным ең алғашқы тағзы анайы адамдарда болған. Содан бері “жан бар” деген наным барлық адам баласына тарап, өрбіген (Ж.Аймауытұлы. Психология).

Келтірілген мысалда автор әуелі сұрақ қойып алады да, оның жауабын өзі береді. Сұрақ жайдан-жай қойылып тұрған жоқ, оқушының назарын аудару үшін, оқу белсенділігін арттыру үшін қойылып отыр. Сұрақ пен оған берілген жауап автордың коммуникативтік мүддесіне лайық жұмсалған. Бұл бір жағынан, автор мен оқырман арасындағы өзара диалогты күшейтсе, екіншіден, оқырманның ғылыми мәліметті жүйелі меңгеруіне ықпал етіп, қабылдау дәрежесін жетілдіреді. Мына мысалға назар аударалық:

Сұрақ: Зат қайдан шығады?

Жауап: Ол әрдайым болған.

Сұрақ: Заттың қозғалысы қайдан шықты?

Жауап: Зат мәңгі қозғалып келе жатқан болу керек. Өйткені заттың қозғалуы барлығының болғандығының салдары (Сонда).

СЖК композициялық байланыс қызметін де атқарады. Жаңа білім қалыптастыру процесінде ғылыми ойдың қозғалысын көрсетеді, тың проблемаларды тудырады. СЖК ғылыми-көпшілік очерктерде, ғылыми публицистикалық шығармаларда, лекцияларда қолданылады. Жұмсалыу себептері әр түрлі: белгілі бір құбылысты, затты алдын ала түсіндіру мақсатында жұмсалады; лекцияларда аудиториямен тікелей байланысқа түсу міндетін көздей отырып қолданылады т.т. Қысқасы, СЖК ғылыми мәтіннің коммуникативтік құрылымына сәйкес өзіндік ерекшеліктермен қолданысқа түсетін стилистикалық құрал. Оны зерттеу ғылыми мәтіннің лингвистикалық ерекшелігін анықтау үшін жасалған қадамның бірі болары анық.

Ғылыми мәтінді мәтін лингвистикасы негізінде талдау соңғы кезде дұрыс жолға қойыла бастады. Қазақ тіл білімінде мәтін сияқты күрделі синтаксистік категория арнайы зерттеу нысанына аз ілігіп келеді. Ғылыми проза туындылары осы тұрғыдан көп материал бере алады. Айталық, ғылыми мәтіннің ұғымдық-логикалық жағы оның ең негізгі белгілерінің бірі. Соңғы

уақытта мәтіндік сипаттағы категория *тіл орамдылығы* деген ұғым туындап жүр. Біз *тіл орамдылығын* сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың айқын көрінуі, ғылыми ойдың композициялық қозғалысының мәтінде нақты бейнеленуі деп түсінеміз. Осыған байланысты ғылыми стильде логикалық ойлаудың жүйелілігін көрсететін, ой логикалылығын арттыратын, оны жасауға қатынасатын тілдік құралдарды зерттеу, талдау, мағыналық қырлары мен қызметін түсіндіру күн тәртібіндегі мәселе.

Диахрондық (тарихи) аспект. Қандай да бір тілдік құбылыс болмасын оның тарихы, даму эволюциясы болады. Белгілі бір мәселе жөнінде жаңа тұжырымдар жасау үшін оның даму тарихын саралап алу қажет. Бұл жағдайдан ғылыми мәтін тілі де жырақ қала алмайды. Б.Әбілқасымов: “Қазақ тіл білімінде ғылыми-көпшілік әдебиеттер тілінің туу, қалыптасу процесі арнайы зерттеу объектісі болған емес”, - деп жаза отырып, ғылыми стильді зерттеу: “бізге сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдарының) қаншалық болғанын байқауда аса қажетті материал” [17, 65-66] екенін дұрыс бағалайды. Демек, ғылыми әдебиет тілін тарихи зерделеу ғылыми стильдің қалыптасу үрдісін айқындау үшін ғана емес, әдеби тілдің белгілі бір дәуірдегі жай-күйін толығырақ тану үшін де қажет. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуын және XIX ғ. 2-жартысы мен XX ғ. басындағы ғылыми мазмұнды шығармалар тілінің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін көрсетуге арналған соңғы кездегі жұмыстардың бірі – Ж.Д.Құрмамбаеваның диссертациясы. Ғылыми стильдің дамуы туралы жекелеген мәліметтерді “XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі” атты ұжымдық монографиядан аламыз [18, 251-279]. Диахрондық аспект аясында қазақ тіліндегі ғылыми мәтіннің функционалдық-стилистикалық табиғаты, стилистикалық нормалардың, құрылымдардың даму жолдары, жанрлық түрлері т.т. мәселелер қарастырылады. Сонымен бірге, мұндай іс-әрекет терминдік жүйенің қалыптасу кезеңіне және жекелеген терминдердің жасалу тарихына байланысты тұжырымдар түюге мүмкіндік береді. Сондықтан

ғылыми мәтін тілін тарихи тұрғыдан сипаттау функционалдық стилистика үшін қажет.

Семантикалық аспект. Біздің бұл жұмысымызда сөз болатын негізгі мәселенің өзі – терминология. Алайда біз бұдан кейінгі тарауларда қазіргі қазақ терминологиясында қалыптасқан дәстүр бойынша терминдерді ғылыми мәтін тілімен тығыз байланыста емес, жеке дара күйінде қарастырамыз. Төменде терминдерді ғылыми мәтін тілімен бірлікте қарастыру жөніндегі, лексикологиялық мәселелерге қатысты кейбір ойларымызды ортаға сала кеткенді жөн көрдік.

Бәрімізге белгілі, ғылыми стильдің сөздік құрамы арнайы терминологиясымен ерекшеленеді. Терминдер – ғылым мен техника тілінің негізгі лексикалық бірлігі. Сөзіміздің бас шенінде ескерткендей, қазіргі кезде қазақ терминологиясы дербес нысан ретінде едәуір зерттелді (Библиографияны қараңыз). Терминдерді жалпы ғылыми стиль аясында семантикалық (терминологиялық) тұрғыдан талдаған еңбектер де кездеседі (Ж.Р.Әмірова).

Қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесі қазіргі кезде үлкен өзгерістерді басынан кешіруде. Терминология саласы бойынша әр алуан қайшылықты көзқарастар, түрлі бағыттар қалыптасып отырғаны жасырын емес. Соның барлығында термин өзі қолданыс тауып отырған контекстен (ғылыми мәтін) тыс, жеке қаралып, қайсыбір практикалық мәні бар байламдар мен тұжырымдар соған негізделіп айтылады. Жалпы термин атаулыны жалпыхалықтық тілдегі сөзден бөліп алып, айрықша сөз ретінде тану көп жағдайда дұрыс бола бермесе керек. Шынтуайтқа келгенде, терминнің өзі сөз, оны ерекшелендіріп тұратын қызметі, қолданысы. Шыққан тегі сөз болғаннан кейін, терминнің өзіне ұқсас басқа лексикалық топтармен (неологизм, кәсіби сөздер, арготизм т.т.) ара жігі, айырмашылығы, шектесер тұстары болады. Термин жайлы сөз болғанда осындай лексикологиялық мәселелер де назардан тыс қалмауы керек. Біздің ойымызша, терминге толық лингвистикалық сипаттама оны ғылыми мәтін тілімен тығыз бірлікте алып

қарастырғанда ғана берілуі мүмкін. Оның үстіне қазақ терминологиясының теориялық жай-жапсары мен практикалық міндеттері әбден сараланды деуге болмайды. Сондықтан мұндай тәсіл қазақ тілі терминдеріне байланысты теориялық және практикалық мәндегі тұжырымдар жасауға өз ықпалын тигізетіні даусыз. Сонда ғылыми мәтін тілін семантикалық аспектіде қарастыру дегеніміз ғылым тілінің негізгі өзегі (ядросы) болып табылатын терминдерге семантикалық талдаулар жүргізу. Осы орайда “семантикалық” сөзінің лексикологиялық мәніне баса назар аударып отырмыз. Семантикалық (терминологиялық) талдау терминдерді дербес қалпында емес, ғылыми мәтін қарамағында қарастыруға сүйенеді. Мұның өзі кейбір көзқарастарды басқаша қарауға мәжбүр етеді. Айталық, жалпы терминологияда терминнің контекске тәуелсіз екені бұлжымайтын қағида сияқты. Қазақ терминологтары да бұл өлшемді жоққа шығармайды. Алайда қазақ тіліндегі көптеген терминдер әсіресе, бұрынғы интернационализмдердің қазақша баламалары тікелей контекст ішінде ғана өзіндік терминдік қызметке ие болатындығы мәтінге кешенді талдау жүргізгенде белгілі бола түседі. Осыдан барып терминологиядағы көпмағыналылық, омонимия, синонимділік т.т. семантикалық процестер туындайды. Семантикалық талдау осындай құбылыстардың ара жігін ажыратуға (бұл теориялық мәселелер бойынша) және жаңа терминдер жасаудағы кейбір тілдік амалдардың орнын, ішкі, сыртқы себептердің ықпалы тәрізді қолданбалы сипаттағы мәселелерді нақты түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сонымен, сөзімізді қорытындылай келе, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту, ғылыми қарым-қатынас тілі ретінде қолдану мамандардың толассыз игі әрекеттерінің бірі болса, ғылым саласындағы сол жинақталған “тілдік тәжірибені” лингвистикалық қырларынан қарастыру да үзілмейтін шара болмақ керек. Мұның өзі әдеби тілдің функционалды табиғатын жан-жақты, толық қалпында тану үшін қажет. Сонымен бірге теориялық мәнімен қатар практикалық жағынан да тиімді екенін әрдайым есте ұстаған ләзім. Мәселен, осындай бағытта жүргізілетін зерттеу жұмыстарының қорытындылары мен

нәтижелерін ана тіліміз кеш қолданыла бастаған ғылым салалары үшін пайдалану. Қазақ тілі деңгейінде оның қолданыс өрісін кеңейту мақсатындағы мұндай әрекеттер неғұрлым жиі қолданылғаны дұрыс.

Термин және терминология

Қазақ тіл білімінде термин мен терминология мәселесі әсіресе, ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында күрт өзгеріске ие болып, ерекше қарқынмен зерттеле бастады. Алдыңғы тақырыпшада айтылғандай, бұған себеп - әдеби тіліміздің терминологиялық жүйесінің “қазақылану” сипаты болды. Солақай саясаттың тілге үстемдік етуі салдарынан, термин атаулыны орыс тілінен ешқандай талғаусыз қабылдау үрдісінің басым болғаны шындық. Бүгінгі таңда термин жасау ісіне ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау немесе кезіндегі А.Байтұрсынұлы бастаған ұлтжанды қазақ зиялыларының терминжасам тәжірибесін жалғастыру ісі қайта жанданды. Соған сәйкес қазақ тілінің байырғы сөздік қоры термин жасауда неғұрлым белсенді пайдаланылып, терминологиялық лексика таза қазақ (немесе “қазақы”) терминдерімен байи түсті. Осының бәрі қазақ тіліндегі терминология мәселесінің ғылыми әрі практикалық жағынан қауырт зерттелуіне негіз болды. Терминологияға тіл саясатының бірі ретінде мемлекет тарапынан да ерекше көңіл бөлінуде. Құзырлы мекемелердің қатысуымен әр жылдары осы мәселеге байланысты түрлі басқосулар, жиындар ұйымдастырылып, олардың материалдары жинақ болып шығып та жатыр. 2003 жылдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия бюллетені “Терминологиялық Хабаршы” жарық көруде.

Академик Ә.Қайдар терминология бойынша қазіргі атқарылып жатқан алуан түрлі жұмыстарға былайша баға береді: “*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...*” деп ұлы Абай айтқандай, қоғамда күн санап туындап жатқан жаңа ғылыми-техникалық ұғым-түсініктерді тілімізде бедерлеп-белгілеу қажеттігіне байланысты толассыз тоғытылып, пайда болып жатқан қат-қабат

сөз тасқыны – терминдерге терминология саласындағы мамандар ғана емес, сол терминдерді қолданушы қалың жұртшылықтың да енжар қарауы мүмкін емес. Сондықтан болар, кез келген сауатты, саналы азамат, жалпы зиялы қауым “*термин*” десе болды, арқасы қозып, оның төңірегінен өрбіп, мәңгі-бақи бітпейтін дау-дамайына араласа кетеді, өз пікірін айтқысы келіп тұрады” [19, 15-16]. Қорғалған диссертациялар санымен салыстыратын пікірлер де бар: “... соңғы он жыл көлемінде терминология саласы бойынша маманданғысы келетіндердің қатары көбейе бастады. 1992 жылдан бергі мерзім ішінде терминология саласы бойынша екі тіл маманы, бір математик докторлық, сондай-ақ оннан астам тіл мамандары кандидаттық диссертациялар қорғады” [20, 15]. Қазақ тілінде жарық көрген қыруар еңбектерге көз жүгіртіп өткеннің өзінде, олардың дені қолданбалы (практикалық) терминология мәселелеріне қатысты болып келетінін байқаймыз. Өйткені қолданбалы терминологияның мақсаты сол – терминдерді бірізге түсіру, жүйелеу, бекіту, нормалау сияқты. Көп пікірлер бұрынғы интернационализмдердің қазақша баламалары туралы айтылады. Қазақша сөз ұсынатын телехабарлар да пайда болды. Қазақ тілі деңгейінде мұның пайдалы жақтары да бар. Ұмытылып бара жатқан байырғы сөздерді санамызда жаңғырту, күн сайын пайда болып жатқан жаңа қолданыстардың көпшілікке тез таралуына ұйытқы болу т.т. шаралар лингвистикалық сергектікке бастайды. Сонымен бірге терминологияның теориялық мәселелері қаралатын лингвистикалық еңбектер де бар. Олардың қатарына Ө.Айтбаев, Ш.Біләлов, Ш.Құрманбайұлының зерттеулерін жатқызар едік.

Терминологияны өзінше жеке сала ретінде қарайтын проблемалық мақалалар соңғы уақытта жариялана бастады. Айталық, зерттеуші Ш.Біләл осы уақытқа дейін терминологияны қалыптасқан дәстүр бойынша тіл білімінің бір саласы ретінде қарастырып келгенімізді айта отырып, бұдан былай “терминологияны ғылымтану саласы ретінде қарастыру қисынды” деген ой айтады [21]. Алайда лингвист ғалымдар бұл пікірмен келісе бермейді. Б.Момынова осы орайда былай деп жазады: “Терминологияны

лингвистикадан бөліп жарғаннан гөрі, тілші-терминшілер терминдердің лингвистикалық табиғатын зерттеуді тереңдетіп, сонымен бірге оның психологиялық, логикалық, танымдық, философиялық, әлеуметтік қырларын да ұмыт қалдырмай, іргелес ғылым салаларымен түйісуі, тығыз байланыста қарастырылуы тұрғысынан т.б. ізденгендері орынды деп білеміз” [22].

Терминологияны арнаулы сала, я болмаса лингвистиканың құрамына енгізетін көзқарастар әлемдік тіл білімінде де бар. Терминологияны білімнің арнаулы саласындағы ұғымдарды білдіру үшін жасалған таңбалар жиынтығы ретінде зерттеу бұрынғы Кеңес Одағында Д.С.Лоттенің, Еуропада (Австрия) Е.Вюстердің еңбектерінен басталады. Е.Вюстер терминологияны лингвистика, логика, онтология, ақпараттану және нақты бір білім саласының байланысынан туатын арнаулы сала деп санайды. Ф.Ригз терминологияны немесе терминтануды лингвистика мен философияның түйісуіндегі ғылым ретінде анықтайды. Оның ойынша, терминология лингвистикалық пәндер семантика, психоллингвистика, лексикология, әлеуметтік лингвистика, тілдік жоспарлаумен тығыз байланысты; философия болса өз кезегінде терминологиямен логика және концептология арқылы жалғасады. Терминология лексикология мен концептологияның арасын жалғайтын көпір іспетті [23, 15-16]. В.М.Лейчик терминологияны өзіндік зерттеу нысаны мен әдістері бар дербес сала деп таниды.

Термин – белгілі бір білім саласымен тығыз байланысты. Білім саласының ғылыми ұғымдар жүйесінен тұратыны белгілі. Сол ғылыми ұғымдар жүйесі білім саласының нысаны мен оны сипаттаудың тәсілдері туралы құрылымдық сұлбасын жасайды. Ғылыми ұғымдар жүйесі неғұрлым анықталған саланы терминологиясы қалыптасқан деп атауымыздың сыры сонда болса керек. Осы орайда терминдер жүйесінің ұғымдар жүйесімен қатынаста келуі табиғи нәрсе. Алайда бұл екеуін бір деп қарауға болмайды. Олардың сәйкес келмей жататын тұстары да кездеседі: біріншіден, барлық ұғымдар тілдік жағынан толық бейнеленді деп айта алмаймыз; екіншіден, олай болса, қайсыбір ұғымдар өзінің терминологиялық мәнін айқын

калыптастыра алған жоқ; үшіншіден, бұл айтылғандардан ұғым атаулының терминдерге карағанда көп кездесетінін аңғарамыз. Рас, термин – анықтамасы (дефинициясы) қалыптасқан ұғымға берілген атау. Алайда ғылыми мәтіннің мәні жаңа ұғымдар мен тұжырымдардың жасалуында десек (тіпті белгілі бір мәтіннің ішінде көрініс тапқанның өзінде), мәтіннен алынатын ұғымдар жиынтығы сол мәтіндегі терминдер жиынтығынан әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Сонда ұғымдардың бір бөлігі ғана терминологиялық жағынан бекітілгені айқындала түседі.

Терминнің семантикасының осындай күрделілігі олардың әр түрлі жақтан келіп зерттелуіне ұйытқы болады. Терминдер нақты бір білім саласындағы маман-зерттеушілердің тарапынан қарастырылады. Маман-зерттеушілердің міндеті – ғылыми тіл таңбасы мен ол білдіретін нысан элементі арасындағы сәйкестікті белгілеу. Бұл дегеніміз нысанды (объектіні) сипаттау арқылы терминнің жасалу жолын түсіндіру болып табылады. Белгілі бір ұғымды білдіруге қатысатын денотаттың ақиқаттығын тексереді; *атау-концепт-денотат* семантикалық үшбұрышындағы нақты референттердің денотаттық белгілеріне баса назар аударылады.

Терминологияны қарастырудың келесі бір саласы – терминдерді тіл бірлігі ретінде зерттеу, яғни ғылым тілін лингвистикалық талдау (Осы бағыттағы кейбір лексикологиялық мәселелерді ілгеріде келтірдік). Демек, терминдер ғылым тілінің сөздік құрамында қарастырылады. Ғылым тілінің сөздік құрамы әр алуан, бірнеше қабаттан тұратынын ескерген жөн. Қазақ терминологиясында зерттеушілеріміздің онша назар аудармай жүрген тұсы осы ма дейміз. Терминология өзінің семантикасы жағынан арнаулы лексика деп аталатын топтың құрамына енетіні белгілі. Лексиканың бұл құрамында терминдер ғана емес, номенклатуралық атаулар, ғылым тіл лексикасындағы кәсіби сөздер де қаралады. Солардың ара жігін ашу, ғылыми мәтіндегі қолданылу ерекшелігін көрсету аз қолға алынуда. Терминологияны жалпығылыми, ғылымаралық және жеке ғылымға тән терминдер деп топтастыру да қажет. Термин және жалпы қолданыстағы сөздердің

арақатынасы туралы пікірлерді Ш.Құрманбайұлының монографиясынан табамыз. Сондай-ақ бұл еңбекте терминдену, бейтерминдену, термин және сөз, терминді табиғи тілдің элементі екенін (оны құраушы лексикалық қабаттар) көрсететін мәселелер баяндалады [24].

Сонымен, лингвистикалық әдебиеттерде термин мен терминология туралы қалай сипаттама беріліп жүр, енді соған нақтырақ тоқталайық.

Осы уақытқа дейін термин жайында тіл білімінде көп пікірлер айтылды, оған берілген анықтамалар да көп. Біз соның бәрін келтіріп, ұзақ сонар баяндауға салынбай, неғұрым жинақы әрі түсінікті етіп жеткізуді көздедік. Терминді жақсы тану үшін оны күнделікті қарым-қатынас тілінде (жалпы қолданыста) қолданылатын сөздермен салыстыра көрсету пайдалы сияқты.

Термин латынның *terminus*, қазақша “шек”, “шекара” деген мағынаны білдіретін сөзінен келіп шыққан. Бұл атау оны жалпы қолданыстағы сөзден ажырататын, ерекшелендіретін белгілеріне орай айтылған. Термин жалпы қолданыстағы сөздерден мынадай белгілерімен ерекшеленіп тұрады: 1) Термин маман ортада қабылданады; бұл дегеніміз терминдер белгілі бір мамандық пен кәсіпке байланысты ұғымды білдіру үшін сала мамандарының қатысуымен жасалады деген сөз, ал күнделікті тұрмыс-тіршілікте пайдаланып жүрген сөздер қарым-қатынас қажеттігінен туындайды және тілді тұтынушы кез келген адам жасай алады. Сала мамандарының қатысуымен жасалады дегенге мысал ретінде “нейтрино” терминінің жасалу тарихын алуға болады: 1931 жылы швейцар физигі Вольфанг Паули табиғатта массамен бірге тағы бір нейтроннан кішілеу нейтралдық бөлік бар екенін дәлелдеп, оны “кіші нейтрон” деп атайды. Оқымысты осы тұжырымын бір халықаралық ғылыми кеңес трибунасынан айтып жатқан кезде итальян физигі Энрико Ферми оның сөзін бөліп: Оны “нейтрино” деп атаңыз, - дейді. Содан бері ол нейтралдық бөлік “нейтрино” деген атпен белгілі. “Ино” қосымшасы итальян тілінде кішірейту мәнінде қолданылады (қазақ тіліндегі –шық, -шік жұрнақтарына сәйкес) [Дерек мына еңбектен

алынды: 5, 92]. Сөйтіп, терминдер кәсіби ортада жасалады; 2) Термин ерекше жағдайда қолданысқа түседі, бұл жерде терминнің арнаулы ғылыми (техникалық) әдебиеттерде ғана жұмсалатыны негіз болады. Термин арнаулы әдебиеттен тыс қолданылуы да мүмкін, бұл құбылысты терминологтар “терминнің терминологиялық өрістен тыс қолданылуы немесе бейтерминдену” (детерминологизация) деп атайды; 3) Осыған орай, термин – арнаулы мақсатта қолданылатын тілдік элемент деген үшінші белгі келіп шығады. Демек, мамандар тудырған термин тілде сөз арқылы бейнеленеді. Осы аралықта терминнің лингвистикалық, яғни тілдік-құрылымдық жағы туындайды; 4) Термин – белгілі бір арнайы нысанның немесе ұғымның атауы.

Терминге тән белгілер ретінде төмендегі жайттар да қарастырылады: 1) терминнің өзі білдіретін ұғымға нақты сәйкестігі; 2) моносемиялығы (бірмағыналығы); 3) халықаралық масштабта қолданылатындығы т.т. (Н.А.Баскаков), сондай-ақ, 1) экспрессияның жаттығы; 2) контекстке тәуелсіз екендігі; 3) жүйелілігі (А.А.Реформатский) және т.б.

Қысқасы, терминдер Г.О.Винокурдың жазғанындай пайда болмайды, олар мұқтаждыққа орай “ойлап табылады”, “жасалады”.

Соңғы кезде қазақ тілінде *термин* сөзін “атау”, “аталым”, “атауыш” деген қазақша баламасөзбен ауыстырып қолдану кездеседі. Алайда бұл сөздер ғылым тілінде қалыптасып кетті деп айта алмаймыз. Олай болуының біздіңше, бірнеше себебі бар: а) “атау” сөзі орыс тіліндегі “наименование”, “название” ұғымдарымен онсыз да терминдік ыңғайда қолданылады; ә) терминдік ұғым ретінде түрленуге қабілетсіздігі. Бұл жерде терминнен туындайтын *терминология, терминологиялық лексика, терминологиялық өріс, терминологиялық мағына* сияқты т.б. ұғымдарға атау сөзінің негіз бола алмайтыны ескеріледі. Кейбір авторлардың терминологияны – “аталымнама” немесе “атауышнама”, терминологиялық лексиканы – “атаулық лексика” деуімен келісу қиын. “Атаулар” мен “лексика” сөзі кейбір реттерде бір-ақ мағынаны білдіреді; мысалы: *зергерлік атаулар* немесе *зергерлік лексика*; б)

балама сөздер термин деген сөздің өзінің терминологиялық мәнін айқын білдіре алмайды. Оларда жалпы қолданыстағы сөзден ажыратып тұратын ешбір мағына жоқ. Сондықтан тіліміздің дыбыстық жағынан алып қарағанда айтарлықтай қайшылығы жоқ *термин* сөзінің өзін қалдырсақ та ешнәрседен ұтылмайтын сияқтымыз.

Термин тәрізді терминология ұғымы да көп қырлы. Әдетте терминология дегеннен екі ұғым туындайды: біріншісі, ғылымның жеке саласы бойынша ұғымдар жүйесінің жиынтығы (мысалы: лингвистикалық терминология – лингвистикалық терминдердің жалпы жиынтығы). Екіншісі, ғылым мен техниканың барлық саласындағы термин атаулының жалпы жиынтығы деген ұғым. Бұл мәндерімен қоса, терминология – терминдердің жасалу, даму, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін білім саласы. Қазақ тілші-ғалымдары арасында терминологияны оның құрамында –логия компонентінің болуына қарай тек соңғы мағынада, яғни ғылым саласы деген мәнде түсіну кездеспей қалмайды. Біздің ойымызша, терминология термині “терминдердің жалпы жиынтығы” дейтін мәнде қолдануға әбден лайық. Бұл сөзді көрсетілген соңғы мағынада ғана жұмсайтын болсақ, “терминдердің жалпы жиынтығы” деген ұғымды қандай сөзбен беретініміз түсініксіз болып қала бермек.

Терминология саласы бойынша негізгі ұғымның бірі, алғашқыда құлаққа тосын естілетін келесі бір термин – терминжасам сөзі. Терминжасам қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген “сөзжасам” терминінің үлгісінде туған. Терминжасам – терминдердің құрылымы мен жасалу жолдарын қарастыратын терминологияның бір саласы. Рас, белгілі бір әдеби тілдің сөзжасам жүйесі сол тілдің терминдеріне де ортақ. Терминжасамның өзіне ғана тән “арнайы жұрнақтары”, “арнайы қосымшалары” жоқ. Бірақ терминжасам ұғымын жалпы сөзжасамнан мынадай ерекшеліктері ажыратып тұрады: а) оның әрқашан саналы түрде жүзеге асыратылатын процесс екендігі; ә) бақыланатын, реттеліп отыратын көнбіс процесс екендігі; б) термин сөзінің ешбір қосымша мағынасыз таза пәндік-ұғымдық мән

арқалауы (Ө.Айтбаев) және т.б. Жалпы әдеби тілдегі сөзжасам амалдары терминжасамда бірі белсенді, бірі енжар дегендей әр түрлі дәрежеде қызмет атқаруы мүмкін. Міне, осы сияқты мәселелер терминжасам аясында қарастырылады.

Сонымен, ғылым тілін зерттеудің орталық нысаны – терминология болып табылады. Терминология ғылым тілінің арнайы сөздік құрамы ретінде ерекшеленеді. Термин – ғылыми білімді тасымалдаушы шағын бірлік. Оны ғылыми мәтін қарамағында қарастыру терминтанудың көкжиегін кеңейте түседі.

Терминдерді дұрыс қолдану мәдениеті және оларды оқыту туралы

Сөздерді орнымен дұрыс қолдана білу терминдерге де тікелей қатысты. Яғни тіл мәдениетінің негізгі сапалары сөз дәлдігі, логикалылығы, тазалығы терминдердің қолданылуында да, жасалуында да әрқашан ескеріліп отыру керек.

Қазіргі кезде әдеби тіл нормаларының өзгеруі жиі кездесіп отырады. Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің қатарында тілдің бұқаралануы да (демократиялануы) орын алады. Қазақ тілі сөздерінің стилистикалық тұрғыдан “бейтараптануы”, мағынасы ескірген көне сөздердің (архаизмдердің) жасампаздық қасиетінің күшеюі, терминологиялық лексиканың жаңа қарқынмен игерілуі, терминдердің жалпыхалықтық сипатқа ие болуы, бұрыннан келе жатқан сөздердің жаңа мағынада қолданылуы т.т. көптеген жаңалықтар тілдің бұқаралануынан хабардар етеді. Алайда осы өзгерістердің бәрі жақсы жағынан табылып отыр ма? “Сөз жасаудың қызығына” түсіп, тіл мәдениеті деген ұғым барын естен шығарып алған жоқпыз ба? Осыдан ондаған жылдар бұрын белгілі тілші ғалым М.Балақаев: “Әдеби тілдің жауы – анархия” деген екен. Шынында да солай, тұрақты қалыптасқан норманың жоқтығынан немесе бұзылуынан кез келген тіл

зардап шегеді. Мұның шет жағасы қазіргі қазақ тілінен де байқалуда. Мұның өзі қалың бұқараның алдында тілдің беделінің төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Зиялы қауымның өз арасынан “қазіргі кездегі баспасөз тілін түсінуден қалып барамыз” дейтін сөздер ауық-ауық естіліп қалады. Шындығында, мұндай ескерту-ескертпелер ешқандай негізсіз емес. Бұл әсіресе, бұрынғы интернационализмдердің орнына келген сансыз қазақша баламалардан байқалады. Қазақшалау үрдісін дұрыс-ақ делік, қазақ тілінің мүмкіндігін танытатын игі әрекеттерді қолдаймыз. Мәселе ұсынылған баламасөздердің тіл мәдениеті талаптарына толық жауап бере алуында болса керек.

Зерттеушілер қазіргі термин шығармашылығында тіл мәдениетіне қатысты ұстанымдардың үш түрін атайды:

- жүйелілік;
- нормаға сәйкестік;
- эстетикалық.

Жүйелілік ұстанымы бойынша термин сөздердің бір мағыналылығы талап етіледі. Нормаға сәйкестік – қабылданған терминнің әдеби тіл нормасына сай келіп, сөздің сыртқы тұлғасы мен мазмұнының бір-біріне тура қатынаста болуы деп түсіндіріледі. Ал эстетикалық ұстаным терминдердің қысқа айтылуынан, жағымды дыбысталуынан (естілуінен), логикалылығына қойылатын талаптан көрінеді [25, 40-45].

Жаңа сөз ұсынушы авторлар аударма қызығына берілгені сондай, осындай шарттар барын естен шығарып алатын тәрізді. Бұл құбылыс әдеби тіл нормасына қайшы мынадай жағдайлардан көрінеді:

- 1) жарыспалылықтың әдеттегіден тыс көп кездесуі;
- 2) бұрын қазақша қалыптасқан сөздердің жаңа баламаларының пайда болуы;
- 3) тілді пайдаланушы жұртшылыққа мағынасы түсініксіз сөздердің ұсынылуы т.т.

Жарыспалылық дегенде Р.Сыздықтың мына бір сөзі еске түседі: “Варианттылық – тіл-тілдің барлығында болатын және бар құбылыс... Бірақ өзінің даму барысында және сол дамуға қоғамның саналы түрде араласуы нәтижесінде жарыспалылықтан арыла түсуге тиіс” [26, 5]. Сөз болып отырған жарыспалылықты өзара мәндес, синонимдес сөздердің шынайы бәсекелестігі деп айту қиын.

Әрине, қазақшалау үрдісінің жақсы мысалдары кездеспейді емес кездеседі. Тілді тұтынушы халықтың эстетикалық талабын толық қанағаттандырып, тиянақты қолданысқа ие болған сөздер көптеп саналады. Мұндай сөздердің қатарына *әдіс, әдіскер, әдістеме, кеден, іссапар, құжат, мәтін* т.б. көптеген сөздерді жатқызуға болады. Бұларға біздіңше, “класс”-тың баламасы ретінде ұсынылған *сынып* сөзін де қосуға болады. “Оқушылардың тобы” мәнінде бұл сөз аз-кем дыбыстық өзгерістермен Қазан төңкерісіне дейін де қолданылғаны белгілі. Демек, сөздік құрамда бұрыннан бар. Әрине, *сынып* сөзі барлық контексте “класс”-тың баламасы бола бермейтіні түсінікті. Мысалы: “Юрист 1-го класса” деген тіркесті “1-сыныптық заңгер” деп аударсақ (Ал бұлай аудару кейбір мекемелерде кездеседі) қателесеміз. Дұрысы *1-дәрежелі заңгер* болар. Бұған қарағанда, *сынып* сөзінің оқу-ағарту саласында ғана қолданылғаны абзал және сондай мақсатта бұл сөз 90-жылдардың орта шенінде қайта оралып, тілімізге сіңісіп те қалған. Алайда практика көрсетіп отырғандай, соңғы уақытта “класс”-тың қайта қолданыла бастағаны байқалады. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, *сынып* сөзінің оқу-ағарту саласында тұрақтанғаны дұрыс болар еді демекпіз.

Ал бұрыннан қалыптасқан қазақ сөздерінің қайтадан жаңартылуы құптарлық іс емес. Бір-екі мысал. “Охрана” қазақ тілінде *күзет* екені ежелден белгілі, ендеше неге оны “қорғауыл”, “сырттауыл”, “сайдауыл” деп құлпыртамыз? “Адрес”-тің *мекен-жай* болғалы қашан. Бәз бір мәтіндерде ол “жаят” атанып жүр?!

Жаңа сөз жасау әрекетінің жандана түсуіне байланысты қазақ тіліндегі қайсыбір қосымшалардың қызметі артқаны белгілі. Солардың ішінде –и, -

уыл/-уіл тұлғаларына аяқталған сөздер ерекше белсенділігімен көзге түседі. Бұрыннан келе жатқан *саяси, мәдени, әскери* тәрізді бір тұлғалы сөздер легіне бүгінде *адами, зердеуи, іскери, сыни, заңи, амали* (соңғы екеуі газет тілінде енді-енді қолданыла бастады) қосылса, *айдауыл, торуыл, тосқауыл* дегендерге *қорғауыл, тыңдауыл, кептеуіл, бектеуіл, жандауыл*-дар қосылыпты. Тіліміздегі жаңа сөздер қатарының көбеюі бұлармен шектеліп қалмай, бұрын еш жерде қолданылмаған, ешқандай сөздіктерде тіркелмеген “су жаңа” сөздердің енуімен де сипатталады. Осындайда аудармашылардың (немесе жаңа сөз тудырушылардың) “ізденімпаздығына” еріксіз таңғаласың. Оларды бейне бір жаңа сөздердің қамбасы ма дерсің... Мәселен, мына сөздерді қалың көпшілік түсіне қояр ма екен: *мәнзара* (“панорама”-ның баламасы), *аумашыл* (ренегат), *қамқа* (ширма), *дәп* (код) т.б. Осының бәрі бір жағынан, қазіргі тілдің лексикалық құрамының өзгерісін, дамуын танытса, екінші жағынан, тілдік норманың әлсіреп босаңсуын танытады. Норманың сақталу талабын басқа да ғалымдарымыз ескертеді: “Әдеби тіл нормасын көздей әңгімелесек, аударылып жүрген терминдердің тек “қазақтығына”, “түркілігіне”, “мұсылмандығына” (араб сөзі екендігіне) қызықпай, әйтеуір “орысшалығынан” құтылуды мақсат етпей, олардың мағыналық дәлдігін, қазақ тілінің құрылымдық жүйесімен тұлғасының сәйкестігін, ғылым мен танымның қай саласына жататындығын қатты ескеру керектігі – жалпы тіл мәдениетінің талабы, норма талабы” [27, 132]. Сонда жаңа атаулардың барлығын асыл деп қабылдау норма талабына сай келе бермейді. Мұндай келеңсіз көріністер әдеби тілді шұбарлайды. Керек десеңіз, түрлі қоғамдық саладағы қазақ тілінің енді жандана бастаған қызметіне нұқсан келтіреді. Ең бастысы, басқа емес қазақтың өзінің ана тіліне деген көзқарасы жібіген тұста кері әсерін тигізетін фактор ретінде белең алуы ықтимал. Сондықтан тілдегі өзгешеліктер мен жаңалықтарды әрқашан сыни көзқараспен қарап, әдеби норма тұрғысынан талғап, саралап отырғанымыз абзал демекпіз. Мұндай талап болмаған жағдайда әркімнің өзінше тіл жасап алуына жол беруіміз мүмкін. Демек, ең әуелі ұсынылған баламасөздерге қандай өлшемдер

тұрғысынан қарау керектігінің басын ашып алу қажет. Санамалап айтсақ, ондай талаптарға мыналарды жатқызар едік: 1) аударылатын терминнің ұғымдық мәнін толық бере алуы, я болмаса аударылатын сөз бен баламасөздің арасында мағыналық байланыс сақталуы қажет; 2) жаңа баламасөздің тілді пайдаланушы жұртшылыққа қаншалықты таныс екендігі және сөздік қорда бұрыннан бар болуы; 3) сөз шарттылық қағидасына негізделіп жаңадан жасалған болса, оның сыртқы түрі мен айтылу (естілу) жағдайының жұртшылықтың эстетикалық талабына сай келуін ескеру. Осы сияқты өлшемдер тұрғысынан келгенде ғана жаңа баламасөз әдеби тіл үддесінен шыға алып, тиянақты қолданысқа ие болуы мүмкін. Шартты түрде көрсетілген бұл талаптармен жаңа сөздерге қойылатын өлшемдерді барынша сарқып айттық деген ойдан аулақпыз. Біздің мақсатымыз, терминдерге қатысты кейбір нормаларды реттеу барысында ой қосу болды.

Сөйтіп, бүгінгі таңда қазақ терминологиялық лексикасының аумалы-төкпелі үлкен өзгерістерді басынан кешіріп жатқаны, ана тіліміздің мемлекеттік қадір-қасиеті артқан сайын қазақ тілінде сан-салалы ғылым тілін жасаудың қоғам үшін қажеттігінің сезілуі лингвистикалық және жалпы әлеуметтік мәні бар өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отырғаны белгілі болды. Десек те осындай сан алуан толғақты мәселелердің әр түрлі деңгейдегі аудиториялар үшін толық түсінікті қалыпта жеткенін, тіпті орын алып отырған өзгерістердің қандай себептерден туындап отырғанын жұртшылық жетік түсінетін болды деп айта алмаймыз. Осы орайда да көптеген сауалдар алдымыздан шығады: қазақ тілін пайдаланушы жалпы ортаға қазіргі тілде болып жатқан өзгерістер жете таныс па? Сол өзгерістерді ғылыми негізі берік қалыптасқан ұтымды түрде жеткізетіндер кімдер? Қысқасы, термин мәселесімен айналысып жүрген белгілі бір топтың (айталық, терминкомның немесе ғалымдардың) көзқарасы мен тұжырымдары жұртшылық арасына қалай таралады? Біздің ойымызша, мұндай міндетті атқаруға хұқылы мамандар, ең алдымен филологтар, яғни “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша білім алушы болашақ мамандар. Сондықтан

Болашақ филолог мамандарды терминология мәселелерімен таныстыру үшін, теориялық тұрғыдан мәлімет беру үшін оны оқытудың аса қажетті мәселелердің бірі екендігі маңызды болса керек. Өйткені “Жазба әдеби тіл нормаларының ең бір өзекті тұсы терминология мәселелеріне келіп тіреледі. Қазақ тілінің терминология проблемасы – ХХ ғасырдың жемісі мен сұранысы. Бұл проблема ана тіліміздің ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бермен қарайғы даму кезеңдерінің қай-қайсысында да өзектілігін жоғалтқан емес, керісінше, күні бүгінге дейін пікірсайыстар, қиыншылықтар толастар емес” [27, 129]. Ендеше терминологияның түрлі ұғымдарын, жай-жапсарын, тілдік және кәсіби сипаттағы қолданбалы мәселелерін жан-жақты ғылыми тұрғыдан түсіндіретін курстың қажеттігі даусыз. Осы тұрғыда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті “Қазақ тіл мен әдебиеті” мамандығында, “Қазақ тілі” бойынша мамандану бағытындағы магистрлер дайындауда соңғы бірнеше жыл көлемінде арнаулы курс жүргізіліп келе жатқанын атап өтеміз. Арнаулы курс “Қазіргі қазақ терминологиясының мәселелері” деп аталады. Мақсаты – дәріс алушыларға терминологияның негізгі ұғымдары жөнінде, қазақ терминологиясының қалыптасуы тарихынан және қазіргі жағдайдағы жай-жапсары жөнінде т.с.с. мәселелерді терең таныстыру. Осы мақсатты көздей отырып, курс 4 бөлімге бөліп қарастырылады:

1. Терминологияның жалпы мәселелері (теориялық мәселелер);
2. Қазақ терминологиясының тарихы;
3. Терминжасам;
4. Терминологиялық сөздіктер және оны түзудің негізгі қағидалары

[Бұл жөнінде қараңыз: 25].

Сілтеме әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат. 1997. 224 бет.
2. Айтбайұлы Ө. Ғылым тілі // Қазақ тілі. Энциклопедия. 1998. 509 бет.

3. Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. Алматы: Ғылым. 1990. 9-21 беттер.
4. Пражский лингвистический кружок (Сборник статей). М., 1967. 556 бет.
5. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М.: Наука. 1997. 247 бет.
6. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. М.: Наука. 1987. 143 бет.
7. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру. ДДА., Алматы. 1997. 44 бет.
8. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. Алматы. 2000. 226 бет.
9. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. М.: Высшая школа. 1967. 375 бет.
10. Кожина М.Н. О речевой системности научного стиля сравнительно с некоторыми другими. Пермь. 1972. 396 бет.
11. Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. АҚД., Алматы. 1983. 18 бет.
12. Құрмамбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы). ҚДА., Алматы. 2003. 34 бет.
13. Проблемы функциональной грамматики. М., 1985.
14. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963.
15. Мальчевская Т.Н. Специфика научных текстов и принципы их классификации (на материале английских биологических текстов) // Особенности стиля научного изложения. М.: Наука. 1976.
16. Кириченко Н.В. Функционирование средств экспрессивного синтаксиса в текстовой структуре научно-популярного произведения // Типология текста в функционально-стилистическом аспекте. Пермь. 1990.

17. Әбілқасымов Б. *XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалары тілі негізінде)*. Алматы: Ғылым. 1982.
18. *XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі*. Астана: Елорда. 2000. 344 бет.
19. Қайдар Ә. *Терминологияның бүгінгі барысы туралы кейбір ойлар // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері*. Астана. 2002. 17-22 беттер.
20. Құрманбайұлы Ш. *Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері // Сонда, 6-17 беттер*.
21. Біләл Ш. *Терминология – ғылымтану ілімінің негізгі саласы // Ана тілі. 2003, мамырдың 22-сі*.
22. Момынова Б. *Терминология дербес ғылым емес // Ана тілі. 2004, наурыздың 18-і*.
23. Риггз Ф.В. *Терминология в социальных науках*. Гонолу. М., 1979.
24. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ лексикасының терминденуі*. Алматы: Ғылым, 1998. 206 бет.
25. Серғалиев М. *Терминология және тіл мәдениеті // Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы*. Астана. 2003. 40-45 беттер.
26. Уәлиев Н. *Сөз мәдениеті*. Алматы: Мектеп. 1984.
27. Сыздық Р. *Тілдік норма және оның қалыптануы*. Астана: Елорда. 2001. 230 бет.
28. Әлісжанов С. *Қазіргі қазақ терминологиясының мәселелері*. Арнайы курс бағдарламасы. Астана. 2000.

2. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Тіл білімінде қалыптасқан көзқарас бойынша терминология ең алдымен, синхрондық тұрғыда зерттелуге тиіс. Сонымен бірге терминдік жүйенің қалыптасуын тарихи тұрғыдан қарастыру, яғни диахрондық әдіс қолдану да терминологияға бөтен емес. Терминдер дамуының тарихына шолу жаңа мәселелерді шешуге белгілі дәрежеде ықпал ете алады. Демек, қазақ терминологиясының тарихын, кезеңдік сипатын, даму заңдылықтарын қарастыру да өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тарауда осы тақырыпты жүйелі түрде сипаттамасақ та, оған қатысы бар кейбір мәселелерге тоқтала кеткенді жөн көрдік. Жеке тұлғалардың (Абай, Шәкәрім) сөздерді терминдендіру шығармашылығына және ондай ізденістердің қазақ терминологиясы тарихындағы орнын көрсету, айқындау негізгі мақсат болды. Сондай-ақ қазіргі термин қалыптастыру, жасау тәжірибесінде қолданыла бастаған кейбір мәселелер (айталық, туыстас түркі тілдерінің сөздік қорын пайдалану, шетелдегі қандастарымыздың сөз жасау тәжірибесі) төңірегінде ой қосу, пікір алмасу маңызды деп түсінеміз.

Қазақ тіліндегі термин қалыптастырудың алғашқы тәжірибелері Қазан төңкерісіне дейін де болған. Бұл пікірді барлық зерттеушілер растайды. Алғашқы қазақ газеттерінің тілін зерттеуші Б.Әбілқасымов: “Газет бетінде әр түрлі ғылыми, публицистикалық материалдардың көп басылуымен байланысты ғылымның белгілі тарауларына қатысты терминдік мағынадағы орыс сөздерінің ұғымын халыққа жеткізу қажеттігі туа бастады. Газеттегі ғылыми мақалалар көбінесе Орта Азияға шыққан ғылыми экспедициялардың есебі не солар туралы информациялық хабарлар болып келеді. Бұлардан басқа тарих, этнография, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты мақалалар да басылып тұрған. Бұл жағдайда газет редакциясы көбіне оны қазақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірме жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған” [1, 92-93]. Газет тіліндегі термин жасаудың осындай тәжірибелерін

айта келе, ғалым қазақ тіліндегі “ғылыми түсініктердің жарық көре бастаған дәуірі де сол кезеңдерден басталады” деген қорытындыға келеді. Осындай мазмұндағы пікірді кезінде Ғ.Мұсабаев та айтқан: “Ғылыми терминологияның элементтері Октябрь революциясына дейін болғаны да сөзсіз... Орыс мәдениетінің белгілі ұғымдарын қазақ тіліне қазақтың ХІХ ғасырдағы ағартушылары біраз енгізген болатын” [2, 137]. Ө.Айтбаев қазақ баспасөзінің термин жасаудағы қызметін ерекше атап көрсетеді. Ғалым былай деп жазады: “Баспасөз материалдарына қарап отырсаңыз термин түзудің әр алуан амалдарын байқайсыз. Бірде ана тілінің өз мүмкіндігі іске жаратылып жатса, екінші бір тұста өзге тіл үлгілері сол қалпы, не аздаған өзгеріспен қабылданады (залог, каталажка, дознание, доверенность, приговор, квитанция т.б.), ал үшінші бір тұста көптеген терминдер қазақ тілінен баламасын тауып аударылып отырады, немесе аударма қатарында түпнұсқа да бірге жүреді (Мәселен, *заң* сөзінің орнына *низам*, мен *закон* сөзі қатар қолданылған)” [3, 153].

Қазақ терминологиясын кезең-кезеңге бөліп баяндаудағы соны көзқарасты Ш.Құрманбайұлының еңбегінен табамыз. Зерттеуші қазақ тілі лексикасының терминденуін төрт кезеңге бөліп қарастырады: 1) ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың 10-жылдарына дейінгі – I кезең; 2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі – II кезең; 3) 1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын – III кезең; 4) 1990 жылдан бергі – IV кезең [4, 118]. Автор аталған кезеңдердің әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталады.

Бұл айтылғандардан қазіргі қазақ терминологиясының бірден қалыптасып кете қоймағанын, оның даму, қалыптасу барысының түрлі жолдардан өткенін көреміз. Терминдік жүйенің дамуы ғылым мен білімнің, техниканың өрлеуіне байланысты. Оның қалыптасуында жеке тұлғалардың да атқаратын қызметі зор. Қазақ терминологиясында А.Байтұрсынұлының есімі айрықша аталады. Көптеген ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлының термин жасау ісіне егжей-тегжейлі тоқталады. Сонымен бірге тіліміздегі

жекелеген сөздердің терминдік мән арқалап қолданыла бастауы, белгілі бір сала терминдерінің түзілуі, тілде тұрақтануы сияқты мәселелер де терминология тарихын баяндауда назардан тыс қалмау керек. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің термин жасаудағы әрекеттерін сипаттауда осыны ескердік.

Абай және философиялық терминдер

Сөйтіп, кез келген тілдің терминологиялық қоры өзінің қалыптасуы барысында дамудың ұзақ жолын бастан кешіретіні белгілі. Мұндай үздіксіз даму кезінде сәттілік те, сәтсіздік те қатар келіп отырады. Абай шығармаларының, оның ішінде “Қара сөздерінің” дүниеге келуі - қазақ әдеби тіліндегі сөздердің терминдену процесін жеделдеткен, жаңа белеске көтерген сәтті құбылыстың бірегейі.

Абай шығармаларындағы философия терминдеріне тоқталмас бұрын Абайдың философиясы дегеннің өзін пысықтап алу қажет. Бұл тақырып кейінгі уақытқа дейін алуан пікірлерге жол беріп келгені мәлім. Зер сала қарасақ, бұл пікірлердің бастауы болып М.Әуезовтың мына сөзі жататын еді: “Абай философ емес. Ғылымдық кең мағынасында Абай философ емес дейтұғынымыз оның арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ” [5, 140]. Дегенмен дәл осы тұста Абайды философ дейтін батыл ұсынылған ойлар да болмай қалған жоқ. Абайдың философиялық көз қарасын жан-жақты қарастырған ғалым Т.Тәжібаев: ”Абайдың философия, педагогика, психология, тарих, этика және эстетика мәселелері бойынша айтқандары бізге ол ХІХ ғасырдың 2 жартысындағы қазақ халқының көрнекті философ-ғалымы болған деп айтуға негіз болады” [6,26] деген тұжырымға келеді. Ғалым Ә.Қоңыратбаев та өзінің бір мақаласында: “... оның (Абайдың – С.Ә.) философиясы да материалистік арнада болды. Абайдың философиясының қазығы табиғат емес, қоғам, оның ішінде адам. Абайдың материалистік философиясы орта ғасырдың салт-санасы билеп-төстеп жатқан қазақ даласында өзінше бір революция болды”

[7] - деп айтқан еді. Шынтуайтқа келгенде, ғалымның бұл тұжырымы Абай философиясын асыра бағалағандық емес. Қазіргі философтардың Абайдың дүниетанымына берген бағасы да бізге осыны аңғартады. XX ғасыр аяғында Абайды әлем ойшылдарымен (Гегель, Фейербах, т.б) қатар деңгейде салыстыра зерттеу қажет дейтін ұсыныстар түсе бастады. “... оның шығармашылық санасында өз кезегіндегі дүниежүзілік философиялық ой ағымдарының көрінетініне” [8] бет бұрдық. Сөйтіп, философия саласында Абайдың рөлін қазіргі қазақ философтары былайша бағалайды: “Абай философиялық жүйе құрастырмаған ойшыл, бірақ оның дүниетанымында жүйе жоқ дегенмен келісе алмаймыз. Абайдың әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама” [9, 43].

“Абайдың тарихи еңбегі оның өз дәуірі үшін философия саласында қазақтың қоғамдық ойының дәстүрлі қағидаларына бірқатар соны да жаңа пікірлер ұстанғандығында болып табылады. Ақынның идеялық мұрасы қазақтың қоғамдық философиялық ойы мен мәдениетінің даму тарихын сапалық жаңа белеске көтерді” [10, 587].

Осы айтылғандарға сүйенсек, Абайды философ деп тануға толық хақымыз бар. Абай философиясының негізіне “қоғамдық публицистикалық және ғылыми баяндау стилінде жазылған” (Р.Сыздықова) “Қара сөздері” мен философиялық поэзиясы жатады. Қазақ қоғамында Абайға дейін де белгілі бір деңгейдегі философиялық толғаныстардың өмір сүрген және ол халықтық философия деп аталады [Бұл туралы қараңыз: 11]. Абайдың олардан айырмасы сол, философиялық ұғымдар қарапайым жалпы қолданыстағы сөздердің тізбегі арқылы емес, сөздердің терминдік аяда қолданылуымен ерекшеленеді. Абай тілін арнайы зерттеген белгілі ғалым Р. Сыздықова былай деп жазады: “Ұлы жазушы өлеңдерінде де, қара сөзбен жазылған трактаттарында да көптеген абстракттік ұғымдарды әңгімелейді және қазақ тілінде тұңғыш рет сөз етеді. Демек, осы ұғымдардың бірқатарының атауларын Абайдың өзі ұсынуға тура келді” [12, 147]. Расында дүниетанымды поэзия тілімен жеткізу Абайға дейінгі қазақ ақындарына тән

кұбылыс болса, философиялық сарында мәтін жазу қазақ мәдениетінде Абай тұсында кездеспеген. Мұның өзі Абай қазақтың төл философиясын жазбаша дамытудың негізін салып берді деуге түрткі болады. Кейіннен Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық еңбегін жазуы Абайдың әсерінен болғандығы дау тудырмаса керек. Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біз Абай шығармаларындағы философиялық терминдер деген сөзді батыл қолдануға мүмкіндік аламыз. Біз ескеретін жайт, Абай шығармаларындағы философиялық терминдер қазіргі терминологияның қатаң талаптарының мүддесінен шыға бермеуі де мүмкін. Алайда бұл қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасуындағы бір кезеңді жоққа шығарумен бірдей әділетсіздік болар еді. Абай қолданған философиялық мәндегі сөздер термин шығармашылығының өзіне дейінгі бұрын-соңды болмаған соны ізденісі болғаны сөзсіз. Абай қолданған терминдерге тоқталу барысында біз оған көз жеткіземіз.

Абай қазақтың байырғы сөздеріне жаңа мән, ұғым үстеу арқылы олардың қолданылу өрістерін кеңейтеді. Абай *кісілік* сөзін “жеке адам, тұлға” мәніне барабар ұғым ретінде жұмсайды. Бұл қолданыс қазіргі философия оқулықтарында да қолдау тауып жүр. Айталық «Философия» оқулығының авторлары *кісілікті* “личность” ұғымына (Философиялық сөздікте “личность” - жеке адам) жақын деген пікірлер айтады. Абайдың қолданылуында *өріс* бастапқы мағынасынан (жайылым) алшақтап, дерексіздік сипат алып “адамның білімі” есебінде жұмсалады: *Сол өрістеніп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жинаған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді* (Абай). Бүгінгі таңда *өріс* философия ғылымында материя түрлерінің бірі ретінде мәлім. Абай *бірдеме* сөзін “бір зат, бір нәрсе” сияқты заттық мағынасында қабылдап қана қоймай, сөздің дерексізденуіне жол ашқан. Қазіргі оқулықтарда *бірдеме* ұғымы бар: *Бірақ ол объективтік реалдық емес субъективтік, идеалдық бірдеме* (Маркстік- лениндік философия негіздері). Абай қолданған *бірдейлік* - қазіргі *бірдейлік заңына* барабар. Әрине, біз бұл сөздерді дәл қазіргідей

философиялық мәнінде жұмсалды деп үзілді-кесілді айтудан аулақпыз. Сонымен бірге қазіргі термин мен ақын қолданысындағы абстрактік мәнді сөздердің мағыналық сәйкестігі кездесек емес. Абай қолданған сөздер ұғымдық дәрежеге жетудің негізгі сатысында болғаны анық.

Абай қолданысында қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдарын бейнелейтін сөздердің терминдік мүмкіндігі артып, қолданыс аясы кеңейе, әрі тұрақтана түсті. *“Дүние бір қалыпты тұрмайды”, “Адам баласын замана өсіреді”, “Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені”, “Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ...”*; *“Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын”* деген сөйлемдерде қарамен терілген *дүние, замана, адам, ар, ес, ақыл, ой* сөздері терминге тән қасиеттерді бойына жинақтаған, терминологиялық өрісте жұмсалған атаулар. Мұндай атаулардың кейбірі бүгінде де айтарлықтай ұғымдық өзгеріссіз қазақ философиясының терминологиялық жүйесін түзеді. Бұл терминдердің қатарына қазақ дүниетанымының басты деген ұғымдары *дүние, өмір, замана, ғұмыр, әлем*, адамның ішкі рухани қадір-қасиетін бейнелейтін *ар, абырой, жан, нысап, қанағат, рақым, намыс, жігер, пейіл, парыз* сияқты сөздерді жатқызамыз. Аталған ұғымдар 80 жылдардың соңындағы қоғамдық, саяси, әлеуметтік өзгерістерден кейін пайда болған, дәлірек айтқанда, өзімізге қайта оралған төл ұғымдар. Абай осы атаулардың қамтитын мазмұнын дамытып оны жаңа сапалық деңгейге көтере білді. Ұлы ақыннан кейін Шәкәрім, сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы қазақ ағартушы-демократтары, ақын-жазушылары таза философиялық еңбек жазбаса да, өз шығармаларында халықтық философиядан көрінген қазақы дүниетанымды табиғи желіспен жалғастырды. Алайда бұл табиғилық Қазан төңкерісінен кейінгі философияның біржақты дамуына орай үзілді. Мәселен, Абай қозғаған *дүние, өмір, замана* және адамның ішкі рухына байланысты ұғымдар философиядан лайықты орнын ала алмай, зерттеудің ғылыми деңгейіне көтерілмеді. Соның ықпалынан болар, бұл терминдер 1962 жылы жарық көрген “Орысша-қазақша терминология сөздігінде” (Философия. 7-

том) кездеспейді. Қазақтың ділінде бар төл рухани дәстүрлер күйреуге ұшырап, рухани жүдеу басталды. Сөйтіп, қазақ әдеби тілі философиялық терминологиясында жоғарыда аталған топқа қатысты терминдер арнайы қолданыста қолданбай, жалпы әдеби тілдің шеңберінде қалып қойды. Кезінде Абай ең басты деп санаған мәселелерге қазіргі кезде қайта оралып жатқан жайымыз бар. Бүгінгі таңда қазақ философиясы төл рухани дәстүрлерге үлкен ілтипат білдіріп отыр.

Жан деген парсы сөзі Абайға дейін екі мағынада жұмсалған екен. Бірі “адам баласына, жан-жануарларға тіршілік беретін рух” болса (Мысалы: *Ат тұяғы тимеген, Ақ кірпіш тас суда бар. Әзірейіл келген күн, Жан қалар жер қайда бар;* - Бұқар жырау), екіншісі “адам, кісі, пенде” ұғымында (Мысалы: *Адамды жән білетін дана деп біл, Істерін жалқау жанның шала деп біл;* - Шал ақын). *Жан* лексемасы бірінші мағынада тұңғыш қолданып, “кісі, пенденің” баламасы ретінде кейін жұмсала бастаған сияқты. Ақын бұл сөзге жаңа мағына үстеп, терминдік дәрежеге көтереді. Ақынның қолдануында *жан* – адамның психологиялық ішкі сарайы, ой-санасы: *Адам баласы екі нәрсе білген: бірі – тән, бірі – жан* (Абай). Келтірілген мысалдағы *тән* сөзі де “тұла бойы, дене” тура мағынасынан гөрі дерексіздік мәні басым күйде қолданылып тұр. Абай аталған екі сөзді дара күйінде қолданып қана қоймайды, *қуат* сөзімен тіркестіріп, олардың терминдік қабілетін одан әрі аша түседі. Мысалы:

жан қуаты

Жан қуаты дейтұғын қуат бен көп көрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды.

Тән қуаты

Әрнешік тән қуатымен сырттан тауып, сыртта сақтайсыз, оның аты дәулет еді.

Мысалдардағы *қуат* сөзі де психологиялық, философиялық ыңғайда жұмсалып тұрғаны анық. “Термин арнайы мақсатта жұмсалатын тілдің негізгі ұғымдық элементі” болса, аталған сөздердің ұғымдық мән жамылып,

арнайы қолданысқа түскені және олардың жалпылама лексикамен ара жігінің ұғымдық өріске бой алдыруы арқылы саралана бастағаны аңғарылады. Қазіргі кезде *жан* сөзі әрі психологияға әрі философияға ортақ термин ретінде жұмсалады. Ал *тән* сөзі туралы бұлай айта алмаймыз. *Тәннің* терминдік мәні мейлінше қысқа болды (Біздіңше, Абай қолданысында ғана), оның есесіне қазіргі философиялық терминологиялық жүйеде *дене* лексемасы (*тәннің* синонимі) термин ретінде қалыптасқан: *Жердегі денелер, құбылыстар мен процестер, әрине, онымен қозғалып отырады* (Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов. Философия). *Дене* сөзінің терминдік ыңғайда жұмсалудың Абайдан кездестіре алмадық. Оның философиялық сипат алып қолданылуы Шәкәрімнен басталатын тәрізді: *Дене өледі, өзгереді* (Үш анық).

Абайдың философиялық мәндегі лексикасында *дүние* сөзі бастапқы орындардың бірін алады: *Дүние- үлкен көл, заман- соққан жел; Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің* деген жолдардан соны байқаймыз. Абайдың соң Шәкәрім мен Ғ.Қарашта да *дүние* ұғымы белсенді қолданылады: *Дүниенің негізі- шындық* (Ғ.Қараш). Қазіргі философияда *дүние* сөзінің қатысуымен жаңа тіркестер жасалған: *дүниетаным, дүниеге көзқарас, дүниенің бірлігі мен көп түрлілігі, дүниенің материялығы* және т.б.

Абайдың сөздерді терминдеудегі тағы бір жаңалығы - *пенде* сөзіне қатысты. *Пенде* парсының *бәнде* “күл” деген мағынада жұмсалатын сөзі [13, 75]. Ұлы ақын бұл сөзге дерексіздік сипат беріп, “адам баласы” деген мәнде қолданады. Ол *пендеге* адам, кісі ұғымынан әлдеқайда төмен тұратын, «өз қамын күйттеуден аса алмаған адам» деген мағына береді: *Әуелі пенде болып жаратылған соң дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды.*

Абайдың жұмсауында *пенде* сөзі бірнеше варианттарға ие: *пенде, бенде, бәнде*. Осы тәріздес *абырой* (бедел, ар- ұят, қадір) термині *абиыр, абұйыр (абиырлы, абиырсыз)* тұлғаларымен жарысып қолданылады. Қазіргі философиялық терминдер жүйесінде *абырой* қалыптасқан. Жалпы жекелеген терминдердің авторлық қолданыста тұлғалық өзгерістерге түсіп, жарыспалы

колдануы норманың жоқтығынан пайда болған көрініс. Сөз болып отырған объектіге қатысты варианттылық негізінен екі бағытта байқалады: 1) сөздердің дыбыстық өзгерістерге түсуі арқылы (*пенде // пәнде, абырой // абиыр, әділет// гаділет*); 2) дыбыстық тұлғасы бөлек өзара мәндес сөздердің (синонимдердің) колданылуы арқылы (*қанағат // ынсап, ғылым // білім, сана // ақыл, ақыл // ес*).

Сонымен, Абайдың дүниетанымдық терминдеріне тоқтала келе, оларды мынадай тақырыптық топтарға бөліп көрсетеміз : 1) дүние жайлы толғаныстарына қатысты терминдер (*дүние, өмір, замана, ғұмыр, әлем*); 2) адамның ішкі рухани дүниесіне қатысты терминдер (*адам, абырой, жан, ынсап, қанағат, намыс, жігер, пейіл, парық*); 3) діни-философиялық терминдер (*алла, құдай, құдірет, құдайшылық, ислам, иман, пәни, софылық, ахирет*)^{*}; 4) ағартушылыққа қатысты терминдер (*ғылым, білім, оқу, мектеп, тәрбие, гибрат*).

Терминологиялық жүйе белгілі бір ұғым бірлігін құрайтын бір-бірімен логикалық байланыстағы элементтерден тұратын болса, ұлы ақын қолданған терминдерді жіктеуден осы жүйенің нышанын байқаймыз. Бұл Абай шығармаларындағы философиялық мәндегі терминдерді терминология деп атауға да айғақ болары хақ. Ақынның термин шығармашылдығында негізгі рөл атқарған мына тәсілдерді айта кеткен жөн: 1) сөздердің бұрынғы мазмұнына жаңа мән (дерексіздік сипаттағы) үстеу арқылы; 2) жұрнақ арқылы [Бұл туралы мына еңбекте толық баяндалады: 12, 149-159].

Сөйтіп, қазақ тіліндегі философиялық терминдерді қалыптастыруда Абайдың өзіндік орны бар. Абай тұсында қазақ философиялық ұғымдарының

^{*} *Осы арада айта кететін бір жайт, Шығыс философиясындағы дін мен философияны ажыратпай, бір-бірімен тығыз байланыста қарау дәстүрі Абайда да көрініс алған. Ақын өзі қолданған діни терминдерге философиялық мән-мағына үстей отырып, ортақ қолданыстарға жол ашады. Сол себептен біз бұл топты діни-философиялық деп алып отырмыз.*

түсіріліп, жалпы халықтың тілден терминдік қолданысқа көше бастауы көрініс алды. Бұның өзі қазақ тіліндегі философия терминдерінің даму барысында үлкен қадам болғаны анық.

“Үш анық” шығармасының тіліндегі терминдер

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі – таза философиялық туынды. Мұнда Шәкәрім түрлі философиялық мәселелерге арнайы тоқталады. Оның бұл шығармасында қазақ дүниетанымында кездесетін насихаттаушылық сипат жоқ, таза жүйелі зерттеу бар. Біз Шәкәрімнің дүниетанымын философиялық тұрғыдан бағалаудан аулақпыз, біздің мақсатымыз аталған шығармадағы сөздердің терминдену барысына тоқталу. Ол үшін ең алдымен еңбектің жазылу стилін айқындап алған жөн. Біздің ойымызша, «Үш анық» өзінің жазылу стилі жағынан ғылыми стильге жақын. Бұлайша бағалауымызға еңбектің стилистикалық, синтаксистік құрылысы, баяндау тәсілдері себеп. Атап айтқанда, олардың негізгілері мыналар:

1. Еңбекте ғылыми шығармаға тән түрлі көзқарастар жүйесін бір арнаға салып жинақтау, қорыту, талдау бар. Мәселен, автордың “барлық” жайлы алуан пікірлерді, дәлелдерді қорытатын жолдары: *Жоғары айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, былай қылайын деп біліп жатқан ие жоқ деген жол әлдеқашан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19-жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Еуропа ішіне көбірек жайылды.* Автор бұдан әрі осы көзқарастардың сүйенген дәлелдерін тұжырымдар түрінде береді [Мысалдар мына басылымнан алынды: Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. Алматы, 1991].

2. Ғылыми тілге тән интернационалистік сипат, шет тілдік терминдер бұл еңбектің тіліне жат емес. Мысалы: *атом, мадда, (атом сөзінің арабшасы), физика, метафизика, философия, психология және т.б.*

3. Еңбекте ғылыми шығарманың тіліне тән абстрактілік, логикалылық, сөздердің дерексіздену сипаты басым. Бұл әсіресе Шәкәрімнің *жан, дене,*

тіршілік, ұждан туралы ойларында, оларды дара ұғым ретінде ғылыми көзқараспен зерделеу барысында байқалады.

4. Еңбекте ғылыми баяндау, дәлелдеу, салыстыру, салғастыру әдістері кеңінен қолданылады. Ғылыми баяндау: *Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі себебі бұрыннан бар қуатты дене (сила вещества) атом.* Дәлелдеу: *Екі өмірге де керекті іс- ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім. Мен жан да бар, адамның өз жанының қуаты да бар деймін.* Дәлелім: 1) *Шақырмаған жан келіп, кейде өзі пәленшенің жаны екеніне нанарлық сөз айтатыны.* 2) *Шақырмаған кісіге бақсылық - дуаналық, фахризм, жындылық кез болатыны.* 3) *Ұйқыда кезу, лунатизм, магнетизммен біреудің еркін билеу, түсі дәл келу - бұл үш түрлі үш бөлек иесі болуға лайық. Оның бәрін түрлі іздеу қате деймін.* Салыстыру, салғастыру: *Жаралыс жолы физика жолымен табылмайтын, сыры білінбеген (физика) нәрселер туралы Еуропа білімділерінің сөздері мынау... Англия спириттері оны теріс дейді. Егер Дарвин мен Маиенің сөзі дұрыс болса, ол өсімдіктерді де бірінен- бірі туып өзгерген болып табылады.*

Тағы бір айта кететін жайт, бұл еңбекті жазу барысында пайдаланылған ғылыми әдебиеттер, олардың авторлары аталынып отырады. Яғни, ғылыми- анықтамалық аппарат трактаттың құрылысында бар. Ол жайт “бұл философ Литерие сөзі”, “Герман Шефлер деген білімді айтады”, “Ж.Дольн айтады”, “бұрынғы Демокрит сөзі” сияқты сілтемелермен берілген.

Әрине, қазақ тіліндегі ғылымның сол кезде кең қанат жаймауы немесе ғылыми стильдің айқындалмауы салдарынан Шәкәрімнің еңбегінде кейбір олқылықтар, ерекшеліктер болары сөзсіз. “Көріп біліп тұрмыз”, “таңқаламын”, “ындыны”, “дым көп”, “шатақ сөз” тәрізді ауызекі сөйлеу тілі және өзге стиль элементтерінің (мысалы, Мари дейтін қыздың хикаясы) ұшырасуы оған дәлел. Қазіргі ғылыми контексте “мен” есімдігі “біз”, “біздіңше” болып ауысып қолданылса, Шәкәрімде өзгермеген қалпында жұмсалады: *Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын .*

Алайда бұл айтылғандар Шәкәрімнің қазақ тіліндегі ғылыми стильді немесе сала терминдерін қалыптстырудағы рөлін жоққа шығара алмайды. Демек, ғылыми стильде жазылған “Үш анық” шығармасының қазақ тіліндегі ғылыми терминнің қалыптасуына тигізген ықпалы да, енгізген жаңалығы да күшті болмақ. “Үш анық” ең алдымен, қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасуына мүмкіндік тудырды. Бұл пікірді дәлелдеу үшін Шәкәрім қолданысында сөздердің терминологиялық мән жамылып ғылыми контекске түсіуне, жекелеген сөздердің термин ретінде даму жағдайына нақтырақ тоқталу қажет.

Абайдың «Қара сөздерінде» *жан* сөзіне жаңа мағына үстемеленіп терминдік дәрежеге көтерілгені, *жан қуаты, тән қуаты* дейтін терминологиялық тіркестерге негіз болғанын жоғарыда айттық. Шәкәрімнің қолдануында *жан* сөзінің терминологиялық мәні тұрақтана түседі. Қазіргі философиядағы сана, ой, ақыл сияқты дара ұғымдарды Шәкәрім *жан*-мен байланыста қараған, *жан* терминіне үлкен мән берген. Оның түсігінде *жан* “әрбір тіршілік иесінің өз тәніне лайық жанынан басқа, бәріне ортақ, бәрін жаратушы және қадағалаушы” [14, 51]. Біз оны мына жолдардан байқаймыз: *Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкті сезімді жан, сознания- аңғарлық жан, мысль- ойлатын жан, ум- ақылды жан, дегендей әр түрлі қасиеттері болады.*

Шәкәрім еңбегінде философиялық, психологиялық мәнге ие болып, белсенді қолданылатын термин - *дене*. Мысалы: *Дене* өледі, өзгереді...; *Дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң бұл тіршілікке, тіпті ұқсамайтын бір түрлі өмір бар*. Сірә, *дене* сөзінің ғылыми сипат алып жұмсалуды Шәкәрімнен басталатын тәрізді. Олай дейтін себебіміз, бұл сөздің терминдік ыңғайда қолданылуы “Қара сөздерде” кездесе қоймайды. Ғ.Қараштың «Ойға келген пікірлерім» (1910) туындысынан да *дене* сөзінің термин ретіндегі қолданысын ұшырата алмадық. Қазіргі философияның терминологиялық жүйесінде *дене* тұлғасы термин болып қалыптасқан. *Дене* сезімі сияқты терминдік қолданыстар “Үш анықта” кездеседі: *Осындай адам таңқаларлық*

бұрын сыры білінбеген метафизика жаралысы жолымен жоғары қуат барлығы анықталған соң, бұрынғы дене сезіміне ғана нанып, онымен білінбеген нәрсені ғана жоқ деп жүргендердің ойын шатастырып басқа ойға түсіреді. Шәкәрімнің көзқарасы бойынша ұждан термині бірнеше ұғымнан тұрады: Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім. Кейде ұждан терминінің орнына «совесть» сөзі қолданылады: Меніңше, совесть жанның тілегі. Қазіргі философиялық термин болмыс Шәкәрімде барлық сөзімен берілетін сияқты: Барлықтың түп себебі жаратушының біліп, құдірет шеберлігіне өлшеу жоқ . Барлық әлем тіркесі терминдік сипат алған: барлық әлем сол атомнан өршіп, жаралып жатыр, оны былай қылайыншы деп біліп жатқан ие жоқ деген бір жолға негіз салады. Бұл жерде барлық әлем сөзі қазіргі дүние (ұлттық терминологиялық мәнінде емес) терминінің орнында қолданылған ба деген ойдамыз.

Қазақ дүниетанымында *дүние* ұғымы *о дүние*, *бұ дүние* болып ажыратылатыны белгілі. *О дүние* ұғымын *ақырет* деп те атайды: *Мұны ақырет* - өлгеннен соң өмір жолы дейді. Бұдан байқалатыны, Шәкәрім қолданған кейбір терминдердің діни, философиялық мағыналары астарласып жатады.

«Үш анық» шығармасында келтірілген сөздерден басқа *қозғалыс*, *дәлел*, *рух*, *әр түрлілік*, *жаралыс* (жаратылыс), *тіршілік*, *дін*, *ақиқат*, *жану*, *шіру* және т.б. сөздер терминологиялық өрісте қолданылады. Олардың құрамында терминдік даралық қасиетін (контестен тыс) әлі күнге сақтаған терминдер (*жан*, *дене*), не болмаса ғұлама қолданысында ғана контекске орай терминдік ыңғайда қолданылған сөздер (*жану*, *шіру*) кездеседі. Қайсыбір сөздер (*дін*, *ғылым*, *қозғалыс*, *дәлел*, *әр түрлілік*) қазіргі философиялық тілде термин- ұғым ретінде қалыптасқан.

«Үш анықта» жекелеген тұлғалардың терминдік қолданысқа түсуімен қатар, сөздердің тіркесімі арқылы жасалған терминологиялық мәндегі тіркестер де жоқ емес. Мысалы: *дене сезімі*, *барлық әлем*, *дүние тіршілігі*, *тұқымдастық жолы*, *ортақ дене т.т.* Тіркесті терминдерді қолдануда өзіне

дейінгі еңбектерде кездеспейтін, яғни жаңалықтың нышаны деуге тұралық құбылыстар Шәкәрімде бар. Ол орыс тілі элементтерінің байырғы сөздермен тіркесуінен көрінеді. Мысалы: *электрия талқаны, электрия қуаты, притяжение заңы, метафизика жаралысы, спиритизм мектебі*. Шәкәрімнің “Үш анық” туындысының тағы бір ерекшелігі, онда интернационализмдер мейлінше көп кездеседі. Жалпы бұл еңбектен көптеген терминді Шәкәрімнің өз жанынан шығаруына, өзі аударуына, не болмаса орыс тілінен өзгеріссіз қабылдауына тура келгені байқалады. Бұдан аңғаратынымыз, Абай философиялық көзқарастарын жеткізуде төл сөздерді және қазақ тіліне етене сіңісіп келген араб, парсы сөздерін терминдік мәнде жұмсаса, Шәкәрім осы дәстүрлермен қоса, аударма тәсілдерін де назардан тыс қалдырмайды. Бұл еңбекте “сила вещества” термині *қуатты дене*, “притяжение”- *өзіне тарту*, “отрицание”- *әрі итеру*, “инстинкт”- *сезімді жан*, “сознание”- *аңғарлық жан*, “мысль” - *ойлайтын жан*, “ум”- *ақылды жан* баламаларымен берілген. Сондай- ақ, орыс тілінен өзгертілмей қабылдаған: *философ, телепатия, магнетизм, позитивизм, психология, атом, спиритизм, философия, метафизика, фахризм* және т.б.

Шығармада сөз болған философияға тән терминдерден басқа физикалық (*физика, қатты дене, қуатты дене, су жылылығы*), химиялық (*газ, түтін, электрон, кислород- азот*), техникалық (*машина*) атаулар ұшырасады.

Сөйтіп, Шәкәрім “Үш анық” шығармасында термин қалыптастырудың мына тәсілдерін негіз етіп алған: а) жалпылама қолданыстағы байырғы сөздерді және араб, парсы сөздерін терминологиялық мәнде жұмсау; ә) аударма; б) орыс тілінен өзгертпей алу; в) сөздердің тіркесімі арқылы.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі алғаш жүйелі философия жасауға ұмтылған Шәкәрімнің қазақ терминологиясы тарихында өзіндік орны бар, бұл оның термин қалыптастырудағы еңбегінен айқын көрінеді.

Шетел қазақтары тілінің термин жасау тәжірибелерінен

Қазақ тілі Қазақстаннан тыс жерлерде айталық, Қытай, Монғолия, Иран, Түркия, Өзбекстан т.б. алыс-жақын шетелдерде отбасы тілі ретінде ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік сфераларда қолданылады. Қ.Ғабитханұлының деректері бойынша, Қытайда тұратын бір миллион үш жүз мыңдай қазақтарда аудандық газет-журналдарды қоспағанда, мемлекет, өлке, облыс, аймақ дәрежесінде шығып жалпы таратылатын он шақты газет, жиырмадан астам журнал бар. Бес-алты баспадан жылына миллиондаған данамен ондаған, жүздеген әр түрлі оқулықтар мен әдеби-мәдени, ғылым мен техника, шаруашылық, өнер т.б. салаларға арналған кітаптар жарық көреді. Орталық, өлкелік сияқты жалпылық радио-телеарналар мен облыстық, аймақтық деңгейлердегілерді айтпағанда, тіпті кей аудандар да қазақ тілінде өз алдына радио-теледидар хабарын таратып отыр. Басқасын айтпағанда, бір ғана Шыңжаң теледидарының арнайы қазақ тіліндегі екі арнасынан күнделікті қазақ тілінде беретін бағдарламалары он сағаттан асады. 90-жылдардағы санақ бойынша ондағы жоғары оқу орындарының 6-да қазақ филологиясы мамандығы бар. Орта, бастауыш білім жүйесі бойынша қазақ тілінде 800-дей бастауыш, 200-дей орта мектепте білім беріледі [15, 45-46].

Тіл тәжірибесінде шетел қазақтарымен байланыстың болмауынан әсіресе, терминология саласында алшақтықтар байқалып отыр. Қ.Ғабитханұлы осыны қынжыла жазады: “... олардың (терминдердің – С.Ә.) ішінде Қытайдан тыс елдердегі қазақтарға түсініксіз атаулар көп кездеседі. Керісінше, Қазақстандағы жасалынған терминдер де қытайдағыларда қолданылмайды. Осылайша, жазу жүйесі ұқсамауынан, екі елдегі қазақтар бір-бірінің басылымын оқи алмауы өз алдына, жасалынып жатқан терминдердің бір нормаға түспеуі себебінен, өзара түсініспейтін, соның зардабынан қазақ пен қазақ өз тілін тілмаш арқылы ұғынысатын дәрежеге

жетті” [15, 47]. Б.Бәмішұлы мұндай жағдайдың Монғолиядағы қазақ диаспорасының тілінде де орын алып отырғанын көрсетеді: “... қазақ әдеби тілінде қалыптасқан, қазақтың төл сөздерінен жасалған кейбір терминдер монғол қазақтарына әлі күнге дейін кірігіп үлгермегендігі тіл білімі төңірегінде нақтылы іс-шаралардың назардан тыс қалғандығын көрсетеді. Мысалы, монғол қазақтарының тіліне балмұздақ, дәйек сөз, жағажай, ұшақ, пайыз, зейнеткер, зейнетақы қатарлы көптеген сөздер әлі кіріккен жоқ” [16, 51]. Сондай-ақ, бұл автор қазіргі нарықтық және жаңа қоғамдық құрылыс кеңістігінде байланыстың болмауынан тілдік тұтастықтың кемелденуі іске аспай отыр деп жазады.

Келтірілген пікірлерден қандай қорытынды жасауға болады? Бір нәрсенің беті ашық, ол ғылыми атауларды қалыптастыруда өзара тәжірибе алмасу, неғұрлым бірізділікке ұмтылу Қазақстан мен шетел қазақтары үшін қажет. Бұл қазақ тіліндегі ғылым әлемінің үйлесімділігіне, тығыз қарым-қатынасына жол ашатыны сөзсіз. Ол үшін шетелде жарияланатын қазақша басылымдарды үнемі қадағалап отыру, олардың тіліне, сөз қолданысына талдау жасап отыруды дәстүрге айналдыру керек. Біздің басты мақсатымыз да осыдан туындап отыр.

Біз бұл тақырыпшада Түркия қазақтарының тіліндегі экономика саласы бойынша қолданылатын терминдерді сөз етпекшіміз. Негізгі материал ретінде түркиялық профессор Нәжмеддин Ербақаның “Әділ экономикалық жүйе” (Анкара, 1992) деп аталатын кітапшасының қазақша нұсқасын алдық. Еңбекті қазақшаға аударған түркиялық қазақ Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай. Біздің ойымызша, кітапта пайдаланылған терминдерді, терминдік қолданыстарды, тіпті кейбір реттерде ондағы сөз саптауларды, синтаксистік конструкцияларды өзіміздің тіл тәжірибемізбен салыстыру термин мәселесінде көп нәрсені айқындауға жәрдемін тигізеді. Сонымен бірге, шетелдік бауырларымыздың термин мен орфография саласында бізден алатын тұстары кездесер деп ойлаймыз.

Енді қазақстандық және түркиялық тіл тәжірибесінде экономика саласы бойынша қолданылатын тілдік терминдердің, ұғымдардың кейбір айырмашылықтарын, өзіне тән ерекшеліктерін сипаттайтын деректерге жүгінейік. *Нарық* сөзі “рынок” ұғымының баламасы ретінде қолданысқа түскен алғашқы кезде бәріміздің ойымызда сенімсіздік болғаны рас. Өйткені *нарық* сөзінің білдіретін мағынасы “баға”. Оның білу үшін “Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады” дейтін мақалды еске алсақ та жеткілікті. Дегенмен термин қалыптастырудың бір қыры оны халық санасына, танымына тез сіңіру. Қазіргі кезде “нарық” сөзінің алғашқы мәні ескіріп, ол “рынок” терминінің толыққанды баламасы ретінде қалыптасып кетті. Мысалы: *нарықтық экономика (нарық экономикасы), нарықтық қатынас; нарықтық инфрақұрылым және т.б.* Ал түркиялық ағайындарымыз нарықты «баға» мағынасында түсінеді, “нарықтық экономика” ұғымын *базарлы экономика* деген тіркес бойынша беріледі. Мысалы: *Еркін базар экономикасының осы пайдалы тәсілі Әділ жүйеде кеңінен қолданылады (19-б)**

“Нарық”-ты “базар” деген сөзбен білдіру Қытай мен Монғолия қазақтарының тіліне де тән. Қ.Ғабитханұлы, Б.Бәмішұлы келтірген тілдік деректер соны растайды. Мысалы, Қытайдағы қазақтарда:

нарық заңы – базар заңы

нарық жүйесі – базар жүйесі

нарық экономикасы – базар экономикасы

нарық ілімі – базар ілімі

нарық арқылы теңгеру – базар арқылы теңшеу

болып айтылады. Ал *бәсеке* (конкуренция) термині түркиялық қазақтарда “бақталастық” сөзімен бейнеленген. Оны мына жолдарды оқығанда аңғарамыз: *Сол сияқты процентке негізделген капиталистік система еркін*

**Мысалдар жоғарыда аталған кітапшадан алынды, қай беті екені жақша ішінде көрсетілді – С.Ә.*

базар бақталастағы туралы әңгіме қозғағанмен, монополияларды және экономикалық өктемдікті жоя алған жоқ (11-б.). Бұл ұғымның біздегі қолданысы мынадай: *еркін нарық бәсекесі.* Айта кеткен жөн, жалпы қолданыстағы “бақталастық” сөзіне қарағанда *бәсеке* сөзінің экономикалық мәні әлдеқайда басым. Біздегі «шеберхана» Түркия қазақшасында “ісхана” болып жұмсалады: *Менің киім тігетін ісханам бар (21-б.).*

Қазіргі қазақ тілінің терминологиялық лексикасында кірме терминдер аударма талқысына көп түсіп жатыр. Олардың орнын қазақтың өз топырағынан шыққан сөздер басуда. Айталық, бір ғана “дефицит” терминінің *тапшылық, зәрулік, қат, жетімсіздік* сияқты бірнеше баламасы бар. Мұндай көріністен Түркия қазақшасы да құралақан емес. Онда “дефицитке” вариант есебінде *зәреулік* сөзін алған: *Бюджет жасалып жатқан кездің өзінде- ақ бюджеттік дефитсит (зәрулік) 20 триллион Түрік лирасы болды (3-б.).* Соңғы уақытта *бюджет* терминіне балама ретінде *қаражат* сөзі пайда болды, біз сөз етіп отырған еңбекте *бюджеттің* өзі қолданысқа түскен. “Кредит” (бізде *несие*) термині жөнінде де осыны айтуға болады. Бізде “банк” терминінің (қаржы мекемесі) қазақша эквиваленті әзірге табыла қойған жоқ, түркиялық қандастарымыз оны “қазынақана” сөзмен алмастырып береді. Шыңжандағы қазақтар тілінде де терминді аударып алу тәсілі кең қанат жайып отыр. Бұл жайында академик Ә.Қайдаров былай деп жазады: «Шыңжандағы қазақ туыстарымыз да қазір термин мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Олар бұрыңғырақ біздің тәжірибемізге сүйеніп, көптеген орыс-интернационалдық терминдерді қабылдап та, қолданып та келсе, қазіргі ориентацияның (қытай- ханзу) тіліне ауысқаны байқалады. Олар қазір көптеген заманауи техникалық терминдерді қытай тілі үлгісімен калька жолымен аударып алуға тырысады. Мәселен, *видеомагнитофон-ұналғы, видеокамера- сыналғы, морозильник- мұзсандық, пылесос- шаңалғы* (бізде *шаңсорғыш*) [17, 16-17].

Жалпы қазақша баламалар жөнінде мына бір ойды айта кеткен жөн. Тілімізде кірме терминдердің қазақша варианттары қаншалықты өріс

алғанымен, әлі күнге “орысша” терминдердің бағы жанып тұрғаны шындық. Неге олай деген заңды сұрақ өзінен-өзі туады. Біздіңше, терминдерді қазақшалау, не болмаса «қазақыландыру» (тілдің өз заңдылығына бейімдеу) белгілі бір жүйе бойынша тілді тұтынатын халықтың таным деңгейіне, мүддесіне, психологиясына сай жүргізілуі керек. Яғни, бізге керекті - термин шығармашылықтың бұл түрі мен халық санасындағы бірлік. Өйткені жаңадан балама табу бір басқа, әрі оның былайғы қолданысына да жауапкершілікпен қараған дұрыс. Сонда ғана қазақша балама «балама» атынан құтылып, тұтас ұғым, атау ретінде түпкілікті, тиянақты қолданысқа ие болады.

Осы орайда қазақ тіліндегі термин қалыптастырудың тарихына үңілу артық емес. Мәселен, 20-жылдардағы Ахмет Байтұрсыновтың және басқа қазақ зиялыларының термин жасаудағы принципі сол өз кезеңінде халықтың танымы мен психологиясына негізделген еді. Бұл уақытта жасалған терминдердің көпшілігінің күні бүгін қолдануы осындай өміршең қағидаларды түпкі мақсат тұтқанынан деп санаймыз.

Қазақстан мен түркиялық қазақтардың термин қолданысындағы ерекшеліктер халықаралық терминдердің сыртқы пішініне де байланысты болып келеді. Бізде орыс тілінің нормасы бойынша айтылып та, жазылып та жүрген терминдер оларда дыбыстық заңдылықтарымызды қабылдап барып қолданысқа түскен. Айталық, *экономика, инфляция, акция, процент, функция, компьютер, инвестиция, этика* және т.б. көптеген терминдер Түркия қазақтарының тілінде *экономика, инфлятсия, актсия, протсент, функтсия, компьютер, инвеститсия, этика* болып жұмсалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына сөйлемдерге назар аударалық: 1) *Мемлекет осыларға қатысты инвеститсия жобаларын жасатқызады...*(14-б.); 2) *Осы еліктегі партиялардың бәрі де протсентті жақтайды* (8-б.); 3) *Бүгінгі күнде Түркияның экономикалық өмірінде жүзеге асырылып жатқан «Құл жүйесі» - өздігінен қалыптасқан жоқ* (1-б.); 4) *Өйткені соңғы жылдары базарда ақшаның орнына жұмсалатын тірі чек және аксия қосындысының*

1/3 бөлегіндегі теңдігі жоқ ақша (артық ақша) басылып базарға ағытылуда.
. . (7-б.). Ал егер кірме терминдер тіліміздің фонетикалық заңдылығына ешқандай нұқсан келтірмей, соған сай болып келсе, онда сол қалпында қолданыла береді. Мысалы: *капитал, партия (еліктеуіш партиялар), бюджет, стратегиялық, микроб* (мәселен, “капиталист системаның бес микробы арқылы” дегенде), *кредит* т.б. Кітапшадан осы тәрізді азын-аулақ ерекшеліктерімен бірге қазақстандық тіл тәжірибесі үлгісінде жасалған көптеген ортақ терминдер де кездеседі, олар: *кіріс, салық, табыс, ақша, ақша айырбастау, кәсіпорын, делдалдық, тасымалдау, құжат, кәсіподақ* және т.б.

Түркия қазақтарының тіл тәжірибесінде кейбір сөздердің мағынасын біздегіден өзгешелеу түсіндіру кездеседі. Мысалы: “жазықсыз” деген мәнде жұмсалатын *нахақ* сөзі кітапшада «қате» деген мағынада қолданылған. Кітап авторы бұл туралы былай дейді: “Нахақ деген сөздің сөздіктегі мағынасы: орынсыз, қате дегенді білдіреді. Нахақтың терминдік мағынасы болса: әрқандай жағдайда қате нәрсе дегенді білдіреді. Мысалы 2-2=3 сияқты” (9-б.). Мүмкін аудармашыдан кеткен қате болар, қалай болғанда бұл жерде “нахақ” сөзінен гөрі “жалған” сөзін қолданған әлдеқайда орынды болар еді. «Хақ» сөзінің мағынасын ашуда да кітап авторлары тарапынан кеткен сәйкессіздіктер бар. Олардың пікірінше «хақ» сөзінің мағынасы “өзгермейтін нәрсе” дегенді білдіреді.

Қазақстандық тілшілер “хақ” сөзін екі мәнде түсінеді: 1) шындық, күмәнсіз ақиқат; 2) адамгершілік правосы, жолдастық, азаматтық парыз (Қараңыз: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том. А., 1961, 453-б.). Терминдік ұғымды дәл білдіретін сөздерді іріктеуде сөз мағыналарын дұрыс түсінудің мәні зор, осы тұрғыда қазақстандық және шетелдік қазақтардың тіл тәжірибиелерінде кейбір кереғарлық байқалып жатса, оны өзара тәжірибе алмасудың жоқтығынан, ақылдасудың болмағанынан деп қана түсінеміз.

Кітаптың синтаксистік құрылысынан байқалатын бір жайт, оның тілінің ауызекі сөйлеу тіліне бір табан болса да жақындығы. Бұдан Түркия

қазақшасының сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілінің арасында тілінің арасында елеулі айырмашылықтың жоқтығы байқалады.

Әрине, бір кітаптың тілі Түркия қазақтарының тілінен толық мағлұмат бере алмаса керек. Сондықтан да шетелде жарияланған басылымдарды тілдік тұрғыдан саралау, түрлі ғылым саласында жұмсалатын атауларды есепке алып отыру үзілмейтін жұмыстың бірі.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен шетел қазақтарының термин жасау тәжірибесінде кеңесулер - тіліміздің терминологиялық жүйелерінің бір бағытта өрбуі үшін аса қажет мәселенің бірі.

Термин жасауда туыстас түркі тілдерінің сөздік қорын пайдалану туралы (лингвистикалық терминдер негізінде)

Түркі әлемінде соңғы он шақты жылдың ішінде болған қоғамдық-саяси, мәдени өзгеріс тілге, соның ішінде терминология саласына да өз ізін салғаны белгілі. Туыстас тілдер бір-бірімен түсінушілікке, үйлесе дамуға ден қоюда. Бұл құбылыс әсіресе, ғылым тілі саласында қатты байқалады. Олай болғы заңды да, өйткені ғылыми ұғымдар мен түсініктерді ортақтастыру, үйлестіру саналы іс-әрекет ретінде ежелден болған және бола береді де. Алайда түркі тілдері үшін бұл мәселе таңсық болмаса да, шынайы қолға алынуы енді ғана.

Академик Ә.Қайдаров қазақ тілі терминологиясын реттеу және ілгері дамыту жөніндегі тұжырымдамасында негізгі принциптердің бірі ретінде: “Термин шығармашылдығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалануды” [1, 15] ұсынады. Түркі тілдеріндегі ғылыми терминдерді үйлестіру мәселесімен түрік және өзге түркі елдерінің ғалымдары айналысуда.

Әуел баста туыстас түркі елдерге ортақ терминологиялық қор жасау мәселесі орындалуы екіталай алып-қашпа идея сияқты болып көрінуі ықтимал. Алайда ғылыми тұрғыдан терең зер салсақ, белгілі бір сала бойынша түркі тілдерінің терминдер жүйесіне нақты талдаулар жүргізсек, көтеріліп отырған мәселенің бұлжымас негізі бар екеніне және оған қол жеткізугі мүмкін болатынына сеніміміз арта түседі.

Бұл тақырыпшада түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің қолданылуы, қалыптасу ерекшеліктері және ортақтығы мен оған жетудің кейбір қырлары сөз болады.

Түркі тілдеріндегі ортақтық жалпы халықтық тілде негізінен сақталған. Бірақ бұл ортақтық пен ұқсастық түркі термин жасау тәжірибелерінде пайдаланылмаған. Ә.Қайдаров мұның себебін сол кездегі саясаттан іздейді: “Өйткені түркі тілдерінің жазуы мен терминологиясы арқылы жақындасуы кезіндегі тіл саясатына онша қолайлы болмады. Себебі бөлініп-бөлшектелген, басы қосылып тілі бірікпеген елдерді билеп-төстеу кімге де болса оңай болатын” [17, 16].

Қолда бар материалдарға жүгінсек [18], түркі тілдерінің өз топырағында лингвистикалық терминдерді қалыптастыру бұл тілдердің әрқайсысында әр түрлі жолмен жүзеге асқан. Соның өзінде туыстас тілдерге тән ұқсастық олардан байқалып тұрады. Енді осыған көз жеткізу үшін материалдарға назар аударалық.

Есім (исем) және *ат* (ад) сөздері жалпы түркілік сөз ретінде түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Бұл сөздер жалпы қолданыста бір-біріне синоним болып жұмсалады. Мәселе оларды бір ұғымды белгілейтін термин қатарына тартуда түркі тілдерінде бірідділіктің болмауында. Айталық, татар тілінде “зат есім” мағынасын білдіретін термин есебінде *исеме* сөзі іріктелген: *ялгызылык исеме* (жалқы есім), *кумәклек//уртаклык исеме* (жалпы есім). Әзірбайжан тілінде *исим* (зат есім), *хусиси исим* (жалқы есім), *умуми исим* (жалпы есім) қолданылса, өзбек тіліндегі *исм*, *ном*, *от* мәндес сөздерінің ішінен “зат есім” және оның құрылымдық түрлерін

белгілейтін лингвистикалық термин ретінде *от* сөзі алынған: *от* (зат есім), *отокли от* (жалқы есім), *турдош от* (жалпы есім), ал “қимыл есімі” терминін беруде аталған тілде *ном* сөзі пайдаланылады: *харакат номи*. “Есім” сөзін келтірілген тілдерден басқа түрік тілі (*исим*), башқұрт тілі (*исем*), ұйғыр тілі (*исим*) “зат есім” мәнінде қолданылады. Қырғыз тілінде бұл термин *ат* сөзі арқылы беріледі. Мысалы: *зат атооч* (зат есім), *енишилүү ат* (жалқы есім), *жалпы ат* (жалпы есім), *қыймыл атооч* (қимыл есімі) және т.б. Ноғай, қарашай, балқар тілдеріндегі жағдай да осыған ұқсас.

“Қимыл есімі” (немесе тұйық етістікті) түркі тілдерінің оғыз тобына жататын түрік, әзірбайжан тілдерінде *мастар//мәсдер* термині арқылы берілген, басқа түркі тілдері (өзбек, қырғыз тілдерін қоспағанда) негізінен “инфинитив” кірме сөзін қолданады.

Келтірілген *есім//исем//исим*, *ат//ад//от* сөздерінің термин ретінде қолданылуында бірізділік жоқ дегеннің өзінде, олардағы түбір ортақтығы көзге бірден шалынады, бұдан жалпы халықтық тілде сақталған осы ортақтықты термин қалыптастыруда кәдеге жарату керек деген пікірдің негізі бар екені айқындала түседі.

Сөз болған *ат//ад* түбірі орыс тіліндегі “номинация” терминінің түркілік баламасы ретінде де қолданылып жүр. Қараңыз:

“номинация”

түрік тілінде:	<i>адландырма</i>
әзірбайжан тілінде:	<i>адландырма</i>
түркімен тілінде:	<i>атландырма</i>
ұйғыр тілінде:	<i>атач</i>
башқұрт тілінде:	<i>атама</i>

Ал өзбек және татар тілдерінде *ат//ад* түбірі *ном* және *исем* сөздерімен алмастырылған, соған сәйкес “номинация” термині бұл тілдерде *номлач* және *исемләчү* болып дыбысталады.

Қазіргі қазақ тілінде “термин” сөзі кейбір еңбектерде *атау, атауыш, аталым* деген баламаларымен қатар қолданылып жүр. Мұндай жағдай өзге түркі тілдерінде де ұшырасады:

өзбек тілінде:	<i>термин//атама</i>
ұйғыр тілінде:	<i>термин//аталғы</i>
татар тілінде:	<i>термин//атама</i>
түрік тілінде:	<i>терим</i>

Біз өз тарапымыздан түркі лингвистикалық терминологиясында термин лексемасының қалғанын (мүмкін жеке түркі тілдерінің айтылу заңдылықтарына сай ала отырып) қалар едік, өйткені ат//ад түбірінен тараған терминдер , терминдік тіркестер, термин ыңғайында қолданылатын сөздер онсыз да жетерлік.

Түркі лингвистикалық терминологиясында жаңа ұғымды бір сөзбен белгілеуде тәжірибе алмасудың болмағанын дәлелдейтін тағы бір факт – “шылау”, “шақ” т.б. терминдерге қатысты. Шылау грамматикалық қызметі жағынан көмекшілік қызмет атқарып, сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылады, өздері тіркескен сөздердің мағыналарына әр қилы реңктер үстейді [19, 362]. Демек, негізгі сөздердің шылауында жүреді, осы қасиетіне қарап А.Байтұрсынұлы мұндай сөздер тобын “шылау сөздер” деп атаған және олардың “демеу”, “жалғаулық” түрлерін қоса көрсетеді [20, 194-196]. Дәл осындай картинаны өзге түркі тілдерінен де көреміз. Шылаудың негізгі сөздерге тіркесімділігіне, тіркестерде айқындалатын мағыналарына қарап, соған сәйкес атау беру бұл тілдерде кездеседі. Мысалы: түрікше *бағлаш*, әзірбайжанша *бағлајычы*, өзбекше *боғловичи*, түркіменше *бағлайжы*, татарша *теркәгеч*, башқұртша *теркәуеш*, қырғызша *байламта*, ноғайша *тіркеуіш* т.т. Келтірілген терминдер қазақ тілі тұрғысынан “байлау” (негізгі сөздердің байлауында жүретініне байланысты), “тіркеуіш” (тіркесімділік қабілетіне байланысты) мағыналарын беретінін түсіндіріп жату артық.

Түркі тілдерінде жалпы қолданыста мезгіл ұғымын білдіретін сөздер мыналар: *вахт//вакыт//вақт//убакыт//уақыт*, *заман//замон*, *чағ//чак//чоз//шақ*. Қимыл-қозғалыстың, іс-әрекеттің мезгілге қатысын білдіруде қазақ пен қырғыз тілінде *шақ//чак* сөзін пайдаланады, өзге түркі тілдерінде заман сөзі іріктеліп алынған. Түрік, әзірбайжан, түркімен, ұйғыр, татар және т.б. тілдерде *заман*, ал өзбек тілінде *замон*. Айта кету керек, грамматикалық категорияларды түсінуде, тұжырымдауда қайсыбір сәйкессіздіктер түркі лингвистикасында кездеседі. Айталық, өзбек, қырғыз тілінде осы шақтың екі түрі белгілі болса, татар тілінде бір ғана формасы бар, бұл терминологияға өз бедерін салды: татар тілінде *хәзерге заман* (осы шақ); өзбек тілінде *хозирги-келаси замон* (қазақ тіліндегі “ауыспалы осы шақ”), *конкрет хозирги замон* (нақ осы шақ); қырғыз тілінде *учур-келер чак* (ауыспалы осы шақ), *азыркы учур чак* (осы шақ).

Септеу мен жіктеу кейбір тілдерде бір ғана терминмен беріліп жүр. Бұл жөнінде В.Н.Филюшина былай деп жазады: “... түркімен тілінің грамматикасында септеу мен жіктеуді білдіретін терминдер жоқ: есімдердің септелуі, етістіктердің жіктелуі және жақ пен сан бойынша өзгеруі *үйтгейши* терминімен беріледі...” [21, 44]. Дегенмен “Түркі дүниесі грамматикалық терминдері” (Анкара, 1997) сөздігінде бұл ұғымдар үшін *йөңкеме//билен үйтгеме* (түркімен тілі бойынша) терминдері берілген. Бұған қарағанда, соңғы кезеңде түркі тілдерінің грамматистері әрбір ұғымды саралап көрсетуге ұмтылып отырғаны аңғарылады. Өзбек грамматистері *турланиши* (септеу), *тусланиши* (жіктеу) терминдерін қолданса, қырғыз тілінің маманы Б.О.Орузбаева осы ұғымдар үшін *жөңделуш* және *жакталуу* терминдерін ұсынған [22]. Бірақ Анкарада шыққан аталған сөздікте қырғыз тілі бойынша септеу мен жіктеуді бір ғана *жөңделуш* терминімен берген. Х.Ф.Исхакова татар тілінде мұндай жағдайларда *төрленеш* терминінің қолданылатынын келтіреді [23, 9].

Басқа түркі тілдерімен салыстыра қарағанда, қазақ тілі лингвистикалық терминдер жасауда өзіндік кейбір ерекшеліктерге ие.

Зерттеуші О.Бекжанұбри қазақ тіліндегі “көсемше” термині өзі білдіретін грамматикалық мәнді толық аша алмайтынын, одан гөрі “үстеуше” сөзі толыққанды балама болу мүмкіндігіне ие екенін айтқан. Дәлірек айтқанда, көсемшенің негізгі етістікке жанасып, қосарланып айтылатынын, яғни етістіктің үстеуге тән қызметін “көсемше” емес, “үстеуше” термині дәл беретінін дәлелдеген [24, 12-17]. Бұл пікір көсемшенің грамматикалық табиғатын толық ескеруден туған және басқа түркі тілдерінде де “көсемшені” сөзбен таңбалауда осы жай ескерілген. Қараңыз:

“көсемше”

түрік тілінде:	<i>зарф фиил</i>
өзбек тілінде:	<i>равишдош</i>
түркімен тілінде:	<i>хал ишлик</i>
татар тілінде:	<i>рәвеш фиғыль</i>

Ал бұл тілдерде “үстеу” қалай айтылады, салыстырыңыз:

түрік тілінде:	<i>зарф</i>
өзбек тілінде:	<i>равиш</i>
түркімен тілінде:	<i>хал</i>
татар тілінде:	<i>рәвеш</i>

Бұл салыстырудан шығатын қорытынды, түркі тілдерінің көбінде “көсемше” терминін белгілеуде олардың үстеуге ұқсас жақтары ескерілген, сондықтан “үстеу етістік” деген мәнге ие болған, қараңыз: *рәвиш фиғыль* (татар) немесе *зарф фиил* (түрік), әзірбайжан тілінде *фели баглама*.

Қазақ тілінде зат есім, сын есім, сан есім сияқты сөз таптарының атаулары тіркес күйінде берілсе, түркі тілдерінің көбінде олай емес. Мысалы:

“зат есім”

түрік тілі:	<i>исим//ад</i>
әзірбайжан тілі:	<i>исим</i>
өзбек тілі:	<i>от</i>
түркімен тілі:	<i>ат</i>
татар тілі:	<i>исем</i>

башкұрт тілі: *исем*

“сын есім”

түрік тілі: *сыфат*

әзірбайжан тілі: *сифәт*

өзбек тілі: *сифат*

түркімен тілі: *сыпат*

татар тілі: *сыйфат*

башкұрт тілі: *сифат*

“сан есім”

әзірбайжан тілі: *сај*

өзбек тілі: *сон*

түркімен тілі: *сан*

татар тілі: *сан*

башкұрт тілі: *һан*

Қырғыз тіліндегі көрініс біздің тілге (қазақ тілі) ұқсас: *зат атооч, сын атооч, сан атооч*.

Түркі тілдеріндегі лингвистикалық атауларда кездесетін түбір ортақтығын төменде келтірілген мысалдар дәлелдей түседі. Енді соған назар аударалық: ТІЛ – *дил* (түрік, әзірбайжан, түркімен, гагауыз), *тил* (өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз), *тел* (татар, башкұрт); ӘДЕБИ ТІЛ – *едеби дил* (түрік), *адаби дил* (әзірбайжан), *едеби дил* (түркімен), *адаби тил* (өзбек), *әдәби тел//йазма тел* (татар), *адаби тил* (қырғыз); РЕСМИ ТІЛ – түркі тілдерінің барлығында дерлік *ресми тіл*; ЕМЛЕ – *имлә* (түрік), *имла* (әзірбайжан), *имло* (өзбек); ӘРІП – *харф* (түрік), *хәрф* (әзірбайжан), *харп* (түркімен), *харф* (өзбек), *хариф* (татар, башкұрт), *әрип* (қырғыз); СӨЙЛЕМ – *жүмле* (түрік), *жүмлә* (әзірбайжан), *сөзлем* (түркімен), *жумла//ган* (өзбек), *жәмлә* (татар), *һөйләм* (башкұрт), *сүйлем* (қырғыз); СӨЗ – *сөз//кәлмә* (әзірбайжан), *сөз* (түркімен), *соз* (өзбек), *сүз* (татар), *һүз* (башкұрт); ҚОСЫМША – *госылма//аффикс* (түркімен), *кучимша//аффикс* (өзбек), *кучымша* (татар), *јалғау//аффикс* (башкұрт) және т.б.

Әрине, тірнектеп жинаған адам түбірі ортақ мұндай терминдердің қатарын соза берері даусыз. Қазақ тілі тұрғысынан қарағанда *m~d, i~u, c~h, c~ж, ж~й* және т.б. дыбыс сәйкестіктері болмаса, бұл атаулардың бір негізден тарағаны сезіліп-ақ тұр.

Түркі лингвистикалық терминологиясындағы ортақтық орыс тілі арқылы енген еуропалық терминдерден де көрінеді. Бұл орайда қазіргі түркі тілдерінің арасында түрік тілі ерекшеленеді. Енді осыған қатысты кейбір материалдарға көз жүгіртелік.

Түрік тілі шығу тегі еуропалық терминдерді дыбыстық өзгеріске түсіріп немесе өз сөздерімен аударып қабылдаған. Мысалы: “фонетика” термині қазіргі түрік тілінде *сес билгиши//фонетик* нұсқаларымен жұмсалады. Осындай жағдайды басқа кірме терминдердің қолданысынан да көреміз. Қараңыз:

“фонология”

түрік тілінде: *сес билими*

басқа түркі тілдерінде: *фонология*

“фонема”

түрік тілінде: *сес бирими//фонем*

басқа түркі тілдерінде: *фонема*

“грамматика”

түрік тілінде: *грамер*

басқа түркі тілдерінде: *грамматика*

“морфология”

түрік тілінде: *чекил билгиши*

басқа түркі тілдерінде: *морфология*

“синтаксис”

түрік тілінде: *жүмле билгиши//сентакс*

басқа түркі тілдерінде: *синтаксис*

Бұл мысалдардан байқалатыны, шет тілдік терминдерді қабылдауда түрік тілі бұрынғы Кеңес Одағындағы түркі тілдерінен өзгеше жол ұстанған.

Дегенмен кейбір кірме терминдерді өз сөздік қорындағы баламасымен беру түрік тілінен басқа тілдердің тәжірибесінде де бар. Осы орайда әзірбайжан, өзбек тілдері көзге түседі. Айталық, “акустика” термині әзірбайжан тілінде *hava axini* сөзімен берілген және ол термин ретінде әзірбайжан тіл білімінде тұрақты қолданылып келеді. Өзге түркі тілдерінде “акустика” термині ешқандай өзгеріссіз қолданылады, түрік тілінде *акустик* болып жұмсалады. Стилистикада жиі қолданылатын “троп” термині әзірбайжан тілінде *мәчаз*, өзбек тілінде *кучим//троп*, “эпитет” термині өзбек тілінде *сифлатлаш*, “метафора” - әзірбайжан тілінде *истиарә*, өзбек тілінде *истиора*; “гипербола” - әзірбайжанша *мүбалига*, өзбекше *муболага*, татарша *улалтма//гипербола*, қазақша *әсірелеу* болып қолданылады. Аталған кірме терминдер туыстас тілдердің өзгелерінде орыс тіліндегідей қолданылады. “Говор” термині түрік тілінде *ағыз*, әзірбайжан тілінде *шәвә*, татар тілінде *сөйләч*, башқұрт тілінде *һөйләч* болып жұмсалады. Қазақ диалектологиясына қатысты соңғы шыққан еңбектерде “говор” – *сөйленім* деген атаумен беріліп жүр. Жалпы түркі лингвистикалық терминологиясында түркілік сөздер негізінде қалыптасқан терминдер кірме (орысша) терминдермен синонимдік қатар құруы қалыптасқан жайт, бұл ғылыми ұғымды түсінуге кері әсерін тигізген емес. Мысалы: қазақ тілінде *дыбыс//фонема*, *дауыссыз дыбыстар жүйесі//консонантизм*; татар тілі бойынша *аваз//фонема*, *охшаилану//ассимляция*, *тартық авазлар системасы//консонантизм* т.т.

Алайда түркі терминологиясының тіл білімі саласындағы мұндай жарыспалылықты бұдан былайғы уақытта тереңдете берудің еш мәні жоқ. Біздің ойымызша, туыстас тілдерде қалыптасып қалған кірме терминдердің баламасын түрліше құбылта бергеннен гөрі, түркінің өз топырағында жасалған төл терминдердің ұқсастығын, ортақтығын салыстыру, оның нәтижелерін жаңа ұғымдардың жасалуында пайдалану әлдеқайда тиімді.

Сонымен, бұл тақырыпшада айтылған жайттарды қорытындылай келе, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасауға немесе терминдер

калыптастыруда түркі тілдерінің сөздік қорын пайдалануда негіз болатын мына мәселелерге назар аударғымыз келеді:

1. Түбір ортақтығы – түркі тілдері терминдер жүйесін түзудің табиғи көзі.

2. Туыстас тілдердің термин жасау үлгілерін игеруді дағдылы іс әрекетке айналдыру. Бұған дейін қазақ пен түрік тілдері арасында сөз алмасудың болғаны белгілі (учак//ұшақ, хаваалаң//әуежай т.т.).

3. Академик Ә.Қайдаров айтқандай: “Түрк дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен бір шарасы – бір әліпбиге негізделген ортақ түрк жазуын қалыптастыру” [25]. Бұл жерде әңгіме бірыңғай латын алфавиті жөнінде болып отыр.

Қорыта айтқанда, түркі тілдес мамандардың барлығы түсінетіндей ортақ терминология жүйесін қалыптастыру – түркі ғылыми әлемінің бір-бірімен тығыз қарым-қатынасына жақындататын бірден-бір жол.

Сілтеме әдебиет:

1. Әбілқасымов Б. *Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы: Ғылым. 1971.*
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. *Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Алматы. 1962.*
3. Айтбаев Ө. *Термин және оның дәуірлік сипаты // Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым. 1986. 151-160 беттер.*
4. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы: Ғылым. 1998. 206 бет.*
5. Әуезов М. *Әр жылдар ойлары. Алматы. 1959.*
6. Тажибаев Т. *Философские, психологические и педагогические взгляды А.Кунанбаева. Алма-Ата. 1957.*
7. Қоңыратбаев Ә. *Абайдың философиялық көзқарасы // Социалистік Қазақстан. 1945. 10-август.*

8. Ысмақова А. Қара сөз қасиеті // Егемен Қазақстан. 1995, 5-тамыз.
9. Есімов Ғ. Хакім Абай (даналық дүниетанымы). Алматы. 1994.
10. Абай. Энциклопедия. Алматы. 1995.
11. Әлісжанов С.Қ. Халықтық философия – қазақ тілі философиялық терминдерін жасаудың қайнар көзі // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. Алматы, 1997. №8, 31-34 беттер.
12. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы. 1968.
13. Рүстемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы. 1982.
14. Әбдірасылова Г. Әл-Фараби-Шәкәрім: адам жайлы // Әл-Фараби және рухани мұра. Алматы. 1994.
15. Ғабитханұлы Қ. Шетелдегі қазақтардың термин жасау үрдісі және қазіргі проблемалары // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана. 2002, 45-49 беттер.
16. Бәмішұлы Б. Монғолиядағы қазақ диаспорасының тілінде терминдердің қалыптасуы // Сонда, 49-52 беттер.
17. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993. №1, 3-17 беттер.
18. Материалдар негізінен мына сөздіктен алынды: *Türk dünyası gramer terimleri kılavuzu*. Ankara. 1997. 446 бет.
19. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991.
20. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1994.
21. Филюшина В.Н. Современное состояние лингвистической терминологии туркменского языка // Известия АН ТССР. Серия общественных наук. 1973. №2.
22. Орузбаева Б.О. Лингвистикалық терминдерин орусча-кыргызча сзддүгүү (доолбоор). Фрунзе. 1963.
23. Исхакова Х.Ф. Структуры терминологических систем. Тюркские языки. М., 1987. 128 бет.

24. Бекжанұбри О. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеушенің зерттелуі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994. №6.

25. Қайдаров Ә. Ортақ тіл жасау ма, әлде ортақ тіл табысу ма? // Ана тілі. 1998, 22-қаңтар.

ТҮЙІН

(Қорытынды орнына)

Сонымен, сөзіміздің бас шенінде айтылғандай, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту, ғылыми қарым-қатынас тілі ретінде қолдану қаншалықты қажет болса, ғылым саласындағы сол жинақталған “тілдік тәжірибені” лингвистикалық тұрғыдан қарастыру ла соншалықты керек. Мұның өзі әдеби тіліміздің сан-салалы қызметінен, көп түрлілігі мен нормаларынан хабардар етеді, біздің білімімізді толықтыра түседі. Ғылым тілі шындықты танудың негізгі бір құралы, сонымен бірге ғылыми зерттеудің дербес бір нысаны ретінде қарастырылады. Ғылым саласында тіл негізінен мынадай қызмет атқарады: 1) білімді жинақтау мен оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, яғни кумлятивтік қызмет; 2) білімнің таралуы, яғни когнитивтік қызмет; 3) ғылым саласында адамдардың қарым-қатынасын жасау мен жаңа білімді қалыптастыру, яғни коммуникативтік қызмет. Ғылыми мәтін ғылыми сферадағы қарым-қатынастың негізгі тілдік өнімі болып табылады. Олар өзіне білімнің түрлі саласындағы ғылыми ақпараттарды сіңіреді, соның арқасында уақыт кесіндісіне, арақашықтыққа қарамастан кез келген адам ғылыми деректерді мәтіннен таба алады. Ғылым тілі көп қырлы, көп функционалды құбылыс. Ол өзіне ғылыми стильдің дәстүрлі функционалдық стильдік белгілерін ғана емес, сонымен бірге тілдің ішкі құрылымдық элементтерін де (лексика, морфоология, синтаксис) қосады.

Терминология – ғылым тілін зерттеудің орталық нысаны. Терминология ғылым тілінің арнайы сөздік құрамы ретінде ерекшеленеді. Лингвистикалық ұстаным тұрғысынан келгенде, терминді ғылыми білімді

тасымалдаушы (немесе жеткізуші) шағын тілдік бірлік деп атауға болады. Қоғамдық өндіріс, қатынастар саласындағы коммуникативтік процестерде қолданылатын кәсіби мағына білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Сонымен бірге термин нақты бір білім саласындағы маман-зерттеушілердің де тарапынан қарастырылады.

Қазіргі кезде қазақ терминологиясы жаңаша ұстанымдар тұрғысынан зерттелуде. Тілші-ғалымдар мен мамандар, сондай-ақ тіл тағдырына немқұрайды қарамайтын тіл жанашырлары тарапынан жаңа терминдерді бір ізге түсіру, жүйелеу, бекіту, нормалау барысында түрлі ұсыныстар айтылуда. Терминжасам тәжірибелерінде бұрын еленбей келген игі әрекеттер көрініс тапты. Осы орайда шетелдік бауырларымызбен тәжірибе алмасу жағына назар аударылуда. Бұл қазақ тіліндегі ғылым әлемінің үйлесімділігіне, тығыз қарым-қатынасына, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі жүйелі қолданысына жол ашады. Сондықтан шетелде жарияланатын қазақша ғылыми басылымдарды үнемі қадағалап отыру, санын, сапасын арттыруға ықпал ету, олардың тіліне, сөз қолданысына талдау жасауды дәстүрге айналдырған жөн. Терминдер қалыптастыруда туыстас тілдердің сөздік қорын пайдалану да жалпы түркі тілдерінің терминологиясында белең ала бастады. Табиғи түбір ортақтығы – терминдер жүйесін түзудің қайнар көзі. Бұл шара да туысқан елдермен ғылыми саладағы қарым-қатынастың дамуына ұйытқы болатыны сөзсіз.

БИБЛИОГРАФИЯ*

1. Абдрахманов А.А. Из опыта разработки и упорядочения терминологии в Казахстане // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. М. 1961.
2. Абдрахманов А.А. О принципах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей // Вопросы терминологии. М., 1961.
3. Айтбаев Ө. Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі // ҚР ҒМ- ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 8.
4. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. Алматы. 1997.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы. 1988.
6. Айтбаев Ө. Термин және оның дәуірлік сипаты // Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым. 1986.
7. Айтбайұлы Ө. Ғылым тілі // Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. 1998.
8. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. Алматы. 2000.
9. Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. АҚД, Алматы. 1983.
10. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі . Алматы, 1971.
11. Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалары тілі негізінде). Алматы: Ғылым. 1982.
12. Әбілқасымов Б. ХVІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. Алматы, 1988.
13. Әлісжанов С.Қ. Қазіргі қазақ терминологиясының мәселелері. Арнайы курс бағдарламасы. Астана, 2000.

*Библиографияда лингвистикалық әдебиеттер қамтылды.

14. Әлісжанов С.Қ. Халықтық философия - қазақ тілі философиялық терминдерін жасаудың қайнар көзі // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. А., 1997, № 8.
15. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1994.
16. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1995.
17. Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, 1978.
18. Бәйішев С. Тіліміздің терминология мәселелері // Әдебиет және искусство. 1974, №1.
19. Бәмішұлы Б. Монғолиядағы қазақ диаспорасының тілінде терминдердің қалыптасуы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана, 2002.
20. Бекжанұбри О. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеушенің зерттеуі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994. №6.
21. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. М.: Высшая школа. 1967.
22. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. Алматы. 1996.
23. Біләл Ш. Терминология - ғылымтану ілімінің негізгі саласы // Ана тілі 2003, наурыздың 18-і.
24. Володина М.Н. Теория терминологической номинации. М., 1997.
25. Вопросы терминологии. М., 1961.
26. Гасымов М.Ш. Основы терминологии азербайджанского языка. АДД. Баку, 1972.
27. Ғабитханұлы Қ. Шетелдегі қазақтардың термин жасау үрдісі және қазіргі проблемалары // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана. 2002.

28. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М., 1977.
29. Жұбанов Қ. Қазақ әдеби тілінің терминдері // Мемлекеттік терминком бюллетені. Алматы, 1935, №1.
30. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
31. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Алматы, 1973.
32. Исхакова Х.Ф. Структуры терминологических систем. Тюркские языки. М., 1987.
33. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1962.
34. Кожина М.Н. О речевой системности научного стиля сравнительно с некоторыми другими. Пермь, 1972.
35. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері (жинақ). Астана, 2002.
36. Қазақ терминологиясының мәселелері (жинақ). Алматы, 1986.
37. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993.
38. Қайдаров Ә. Ортақ тіл жасау ма, әлде ортақ тіл табысуы ма? // Ана тілі, 1998, 22-қаңтар.
39. Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармасы // Алматы: Ғылым. 1990.
40. Қалиев Б. Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері (мақалалар жинағы). Алматы, 1973.
41. Құрмамбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы). ҚДА. Алматы, 2003.
42. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы, 1998.
43. Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1976.
44. Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі (жинақ). Астана, 1999.

45. Момынова Б. “Қазақ” газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, 1998.
46. Момынова Б. Терминология дербес ғылым емес // Ана тілі. 2004, наурыздың 18-і.
47. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. М.: Наука. 1987.
48. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. М., 1961.
49. Ригз Ф.В. Терминология в социальных науках. Гоноллу М., 1979.
50. Рустемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.
51. Салалық терминология: бүгіні мен болашағы. Астана, 2003.
52. Серғалиев М. Терминология және тіл мәдениеті // Салалық терминология: бүгіні мен болашағы. Астана, 2003.
53. Суперанская А.В., Подольская А.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Вопросы теории. М., 1989.
54. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993.
55. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат. 1997.
56. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана: Елорда. 2001.
57. Терминдер және олардың аудармалары (жинақ). Алматы, 1990.
58. Терминология: теория және тәжірибе (жинақ). Астана, 2001.
59. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп. 1984.
60. Урекенова Р. Образование терминов в казахском языке (на материале относительных пригательных). Алма-Ата, 1980.
61. Филюшина В.Н. Современное состояние лингвистической терминологии туркменского языка // Известия АН ТССР. Серия общественных наук. 1973. №2.
62. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1991.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
1. ҒЫЛЫМ ТІЛІ. ТЕРМИНОЛОГИЯ	
Ғылым тілін зерттеудің кейбір қырлары	5
Термин және терминология	18
Терминдерді дұрыс қолдану мәдениеті және оларды оқыту туралы	25
2. ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ	
Абай және философиялық терминдер	35
“Үш анық” шығармасының тіліндегі терминдер	42
Шетел қазақтары тілінің термин жасау тәжірибелерінен	47
Термин жасауда туыстас түркі тілдерінің сөздік қорын пайдалану туралы (лингвистикалық терминдер негізінде)	53
Түйін (Қорытынды орнына)	64
Библиография	66